

Саулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ

АВТОМОБИЛЬНЫЕ ДОРОГИ

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013
СП РК 3.03-101-2013

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері
Комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального
хозяйства Министерства промышленности и строительства
Республики Казахстан

Астана 2024

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ЗЦ АТСЭ» ЖШС
- 2 ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «ЗЦ АТСЭ»
- 2 ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2019 жылғы 25 ақпандағы №28-НҚ және Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2024 жылғы 13 ақпандағы №26-НҚ бұйрығына сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан.

Внесены изменения и дополнения в соответствии с приказом Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 25 февраля 2019 года №28-НҚ и Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан от 13 февраля 2024 года №26-НҚ.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	V
БЕЛГІ ҮШІН.....	VI
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	1
2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	3
4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
4.1 Автомобиль жолдарының жіктемесі.....	3
4.2 Автомобиль құралдарының есептік жылдамдығы	6
5 АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ЖОБАЛАУ ҚАҒИДАЛАРЫ.....	7
5.1 Жолдардың көлденең пішінінің параметрлері	7
5.2 Жоспар және бойлық пішін.....	14
5.3 Ландшафтылық жобалау	17
5.4 Жаяужолдар мен велосипед соқпақтары	20
6 АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫНЫҢ ИНЖЕНЕРЛІ КОММУНИКАЦИЯЛАР МЕН ҚИЫЛЫСТАРЫ ЖӘНЕ ЖОЛ ТҮЙІНДЕРІ.....	25
6.1 Автомобиль жолдарының қиысулары және қабысулары	25
6.2 Өтпелі-жылдамдықты сызықтар	26
7 ЖЕР ТӨСЕМІ	31
7.1 Топырақтар	31
7.2 Жер төсемінің жоғарғы бөлігі (жұмыс қабаты).....	32
7.3 Үйінділер	35
7.4 Ойықтар.....	39
7.5 Күрделі жағдайлардағы жер төсемдері.....	40
7.6 Су бұрғыш құрылғылары	43
7.7 Жол төсемдері мен су айдайтын құрылғылардың бекітілуі	44
8 ЖОЛ ТӨСЕЛІМДЕРІ.....	45
8.1 Қатты жол төселімдері	45
8.2 Қатты емес жол төселімдері	48
8.3 Негіздің қосымша қабаттары, аялдамалық сызықшалар, жол жиегіндегі жолақша сызықтар мен айырғыш сызықтардағы қауіпсіздік сызықтары	50
8.4 Жол төсемдеріне арналған материалдар	51
9. ЖОЛДЫҢ ҚАМТЫЛУЫ МЕН ЖАҒДАЙЫ, ҚОРҒАНЫСТЫҚ ЖОЛ ҒИМАРАТТАРЫ.....	61
10 ЖОЛ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ҒИМАРАТТАРЫ МЕН ҚҰРЫЛЫСТАРЫ	69

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013*

11 ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ	73
А қосымшасы (ақпараттық) Топырақтар мен жер түрлерінің жіктелуі	76
Б қосымшасы (міндетті) Топырақтар мен жерлер түрлерінің жіктелуі.....	83

КІРІСПЕ

Осы ережелер жинағы атты құрылыс нормаларында қалыптасқан міндетті талаптарды дамыту және қамтамасыз ету мақсатында әзірленген және жобалаудың тиімді шешімдерін сипаттайды.

Ереже, өзін ақтаған және тәжірибеде тексерілген, ҚР ҚН 3.03-01 «Автомобиль жолдары» атты құрылыс нормаларының міндетті талаптарын қамтамасыз ету және дамытудағы немесе міндетті нормалармен реттемеленбеген жеке дербес мәселелер бойынша жағдайларды белгілейді.

Басқа нормативті актілермен бірге қолданылатын, «Нормативті сілтемелер» бөлімінде келтірілген осы ережелер, жалпы пайдаланымдағы күрделі жөндеудегі автомобиль жолдарының бойлай пішінінде және жоспарында қайта құрылатын және қайта қойылатын жобалау саласында қолдану үшін ұсынылған өзара байланысты құжаттар кешенін құрайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ
АВТОМОБИЛЬНЫЕ ДОРОГИ

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы ережелер жинағы ҚР ҚН 3.03-01 «Автомобиль жолдары» құрылыс нормаларының талаптарының дамуына әзірленген.

1.2 Осы ережелер жинағы автомобиль жолдарын жаңа жобалауға, құрылысын салуға, күрделі жөндеуге қолданылады және автомобиль жолдарының бойлай пішінінде және жоспарында қайта құрылатын және қайта қойылатын жобалау үдерістерінің тиімді шешімдерін сипаттайды.

Осы ережелер жинағы өндірістік кәсіпорындарға және емдеу-профилактикалық, әлеуметтік-мәдени және басқа да бағыттағы объектілерге кіреберіс пәтерлі автомобиль жолдарын жобалауға таратылуы мүмкін. Олардың әрекеті басқа шаруашылық автомобиль жолдарына, қызмет ету мерзімі 5 жылдан аспайтын уақытша автомобиль жолдарын, сонымен қатар, қалаларда және басқа елді мекендерде көшелерді жобалауға таратылуы мүмкін.

1.3 Осы ережелер жинағы елді мекендерді қарқынды дамыту, халықтың денсаулығын сақтау үшін және техногенді факторлардың әсерінен қоршаған ортаны қорғау үшін қажетті өмір тіршілігінің жағдайын қамтамасыз ету жалпы пайдаланымдағы күрделі жөндеудегі автомобиль жолдарының бойлай пішінінде және жоспарында қайта құрылатын және қайта қойылатын жобалауға ұсынбалы сипатқа ие.

2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ережелер жинағында төмендегі нормативті құжаттар қолданылған:

ҚР ҚН 1.01-01-2011 Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер. Негізгі ережелер.

ҚР ҚН 3.03-01-2013 Автомобиль жолдары.

ҚР ҚН 3.03-03-2014 Қатты жол киімдерін жобалау

ҚР ҚН 3.03-04-2014 Қатты емес типтегі жол киімдерін жобалау

ҚР ҚНЖЕ 2.04-01-2001 Құрылыс климатологиясы.

ҚР ҚН 2.04-01-2011 Табиғи және жасанды жарықтандыру

ҚР ҚН 3.03-12-2013 Көпірлер және құбырлар

ҚР ҚН 3.03-11-2013 Темір жол және автожол туннельдері

ҚР СТ 1053 Автомобиль жолдары. Терминдер мен анықтамалар.

Ресми басылым

ҚР СТ 1124-2003 Жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары. Жол белгілері.

ҚР СТ 1125-2003 Жол белгілері. Жалпы техникалық талаптар.

ҚР СТ 1215-2003 Қара ұсақ қиыршық тас. Техникалық талаптар.

ҚР СТ 1217-2003 Құрылыс жұмысына арналған құм. Сынау әдістері.

ҚР СТ 1218-2003 Жол және аэродром құрылысына арналған органикалық тұтқыр негіздегі материалдар. Сынау әдістері.

ҚР СТ 1222-2003 Асфальттыбетон қоспалары және фосфор өндірісінің құюлы қождан өндірілген ұсақ қиыршық тас қосылған асфальттыбетон. Техникалық талаптар.

ҚР СТ 1223-2003 Полимерасфальттыбетондық, аэродромдық қоспалар мен полимерасфальттыбетон. Техникалық талаптар.

ҚР СТ 1225-2003 Жол мен аэродромға арналған асфальттыбетондық қоспалар мен асфальттыбетон. Техникалық талаптар.

ҚР СТ 781-2004 Жол құрылысына арналған қожы тұтқырлары. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 1278-2004 Жол кедергілер жүйесі. Қауіпсіздікке арналған металл бөгеулер. Техникалық талаптар.

ҚР СТ 1279-2004 Аэродром және автомобиль жолдары. Жол төселімдерінің кедір бұдырлығы мен автомобиль дөңгелектерінің жол төселімдеріне тұтасу коэффициентін анықтау әдістері.

ҚР СТ 1284-2004 Құрылыс жұмыстарына арналған таулы тығыз ірі құмдар мен ұсақ қиыршық тастар. Техникалық талаптар.

ҚР СТ 1376-2005 Жол құрылыс жұмыстарына арналған ірі қиыршық тастар мен қожы құмдар. Техникалық талаптар.

ҚР СТ 1379-2005 Автомобиль жолдарындағы көпір құрылыстары мен су өткізу құбырлары. Конструкциялардың жақындау габариттері.

ҚР СТ 1380-2005 Автомобиль жолдарындағы көпір құрылыстары мен су өткізу құбырлары. Жүктемелер мен әсерету.

ҚР СТ 1409-2005 Темірбетоннан жасалған жол белгілер тіреуі. Техникалық шарттар
ҚР СТ 1412-2005 Жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары. Қолдану ережелері.

ҚР СТ 1413-2005 Автомобиль және темір жолдар. Жол төселімдерін жоспарлауға қатысты талаптар.

ҚР СТ 1549-2006 Ірі әрі ұсақ қиыршық тастар мен құмдар қоспасы және аэродром мен автомобиль жолдарына арналған негізгі әрі жол жабуға арналған қиыршық тастар. Техникалық талаптар.

ҚР СТ 973-2007 Аэродром және жол құрылысына арналған органикалық емес тұтқыр жолмен өңделген тас және қиыршық тас материалдары. Техникалық талаптар.

ҚР 218-78-2009 Қазақстан Республикасының нұсқауына сәйкес автомобиль жолдарын өңдеу мен жөндеуде геосинтетикалық материалдарды қолдануға қатысты ұсыныстар.

МЕМСТ 26633-91* Ұсақ түйірлі және қатты бетондар. Техникалық талаптар.

МЕМСТ 8736-93* Құрылыс жұмыстарына арналған құмдар. Техникалық талаптар.

МЕМСТ 23558-94* Аэродром және жол құрылысына арналған органикалық емес тұтқыр жолмен өңделген материалдарының ірі әрі ұсақ қиыршық тастар мен құмдар қоспасы. Техникалық талаптар.

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013*

МЕМСТ 25100-95 Топырақтар. Жіктеме.

МЕМСТ 30491-97* Аэродром мен жол құрылысына арналған органикалық тұтқырлармен қамтылған органоминералды және топырақтар қоспалары. Техникалық талаптар.

МЕМСТ 22733-2002 Топырақтар. Ең жоғарғы деңгейдегі тығыздығын анықтаудағы зертханалық әдістер.

МЕМСТ 31015-2002 Асфальттыбетондық қоспалар мен шағыл-мастикалық асфальттыбетон. Техникалық талаптар.

МЕМСТ 30491-97 Аэродром мен жол құрылысына арналған органикалық тұтқырлармен қамтылған органоминералды және топырақтар қоспалары. Техникалық талаптар.

МЕМСТ 24451-80 Автожол үңгіртаулары. Құрал жабдықтар мен құрылыстың жақындау габариттері.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы нормаларда пайдаланылған терминдер ҚР ҚТ 1053 «Автомобиль жолдары. Терминдер мен анықтамалар» сәйкес келеді.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Автомобиль жолдарының жіктемесі

4.1.1 Автомобиль жолдарының жіктелуі «Автомобиль жолдары» ҚР ҚН нормативіне сәйкес келтіріледі. - (Өзг. ред.- ҚТКжШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

1-кесте - Автомобиль жолдарының техникалық жіктемесі

Жолдар санаты	Қозғалыстың есептік қарқындылығы		Автомобиль жолдарының халық шаруашылық және әкімшілік маңыздылығы
	жеңіл автомобильге келтірілген, бірлік/тәулік	көлік бірліктерінде, авт/тәу.	
I-a	14 000-нан астам	9 000-нан астам	Халықаралық немесе республикалық маңызы бар автомобиль магистральдары
I-б	14 000-нан астам	7 000-нан астам	Халықаралық немесе республикалық маңызы бар жүрдек автомобиль жолдары (I-a санатына жатқызылмаған)
II	6000-нан бастап 14000-ға дейін	3000-нан бастап 7000-ға дейін	Халықаралық немесе республикалық маңызы бар жүрдек автомобиль жолдары (I-a және I-б санатына жатқызылмаған)

1-кесте - Автомобиль жолдарының техникалық жіктемесі (жалғасы)

III	2000-нан бастап 6000-ға дейін	1000-нан бастап 3000-ға дейін	Республикалық немесе жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары (I-б және II-санатқа жатқызылмаған)
IV	200-ден бастап 2000-ға дейін	100-ден бастап 1000-ға дейін	Республикалық немесе жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары (I-б, II және III-санатқа жатқызылмаған)
V	200-ге дейін	100-ге дейін	Жергілікті маңызы бар автомобиль жолдары (III және IV-санатқа жатқызылғандардан басқа)

ЕСКЕРТПЕ:

1. Қозғалыс құрамында жеңіл автомобильдердің үлесіне 30%-дан кем келетін жағдайларда жобаланатын автомобиль жолының санатын көлік бірліктерінде есептік қарқындылығы бойынша белгілеу керек.

2. Әрі қарай мәтінде I-санаттағы автомобиль жолдарының параметрлеріне қойылатын бірдей талаптарды ұсынған кезде санат белгісіндегі «а» және «б» индексі алынып тасталуы мүмкін.

3. I-а санатындағы автомобиль жолдарына кіру тек толық немесе толық емес түрдегі көлік айрықтары арқылы жүзеге асырылуы керек; I-б санатындағы автомобиль жолдарында тиісті техникалық-экономикалық негіздеме кезінде оларды көлік айрықтары қатарына кезеңдеп ауыстыру шартымен бір деңгейде жанасуларды орнатуға жол беріледі.

(Өзг. ред.- ҚТКЖШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

Тиісті деректер болған кезде жол санаты жеңіл автомобильге келтірілген қозғалыстың ең перспективалы сағаттық қарқындылығы бойынша мынадай түрде тағайындалуы мүмкін:

Қозғалыстың сағаттық қарқындылығы 2400 бірлік/сағаттан жоғары болғанда жобаланатын жол I санатқа, 1600 – ден 2400 бірлік/сағатқа дейін – II санатқа және 800-ден 1600 бірлік/сағатқа дейін-III санатқа жатады.

4.1.1-1 Көлік құралдарының әртүрлі үлгілерін жеңіл автомобильге келтіру коэффициенттерін 2-кесте бойынша қабылдау керек.- (Өзг. ред.- ҚТКЖШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

2-кесте - Келтіру коэффициенттерінің мәндері

Көлік құралының түрі	Келтіру коэффициенті
Жеңіл автомобильдер	1
Арбалары бар мотоциклдер	0,75
Мотоциклдер мен мопедтер	0,5
Жүк автомобильдері жүккөтергіштігі, т:	
2-ге дейін	1,5
2-ден бастап 6-ға дейін	2
6-дан бастап 8-ге дейін	2,5

2-кесте - Келтіру коэффициенттерінің мәндері (жалғасы)

8-ден бастап 14-ке дейін	3
14-тен жоғары	3,5
Автопоездар, жүккөтергіштігі, т	
12-ге дейін	3,5
12-ден бастап 20-ға дейін	4
20-дан бастап 30-ға дейін	5
30-дан жоғары	6
Тіркемесі бар доңғалақты трактор, жүккөтергіштігі, т	
10-ға дейін	2,5
10-нан жоғары	3,5
Автобус	3,0
Қосарлы автобус	5,0
<p>ЕСКЕРТПЕЛЕР:</p> <p>1. Көлік құралдарының жүк көтергіштігінің аралық мәндері кезінде келтіру коэффициенттерін интерполяциямен анықтау керек.</p> <p>2. Арнайы автомобильдердің келтіру коэффициенттерін тиісті жүккөтергіштігі бар базалық автомобильдердің келтіру коэффициенттеріне сәйкес қабылдау керек.</p> <p>3. Жүк автомобильдері мен автопоездар үшін келтіру коэффициенттерін қиылысқан және таулы жерлерде 1,2 есе ұлғайту керек.</p>	

(Өзг. ред.- ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

4.1.2 Қозғалыстың есептік қарқындылығы үшін экономикалық іздестірулердің нәтижелері бойынша белгіленген екі бағытта да жиынтық қабылдануы тиіс:

- перспективалық кезеңнің соңғы жылында қол жеткізілген қозғалыстың орташа жылдық тәуліктік қарқындылығы; немесе

- 50 сағат ішінде перспективалық кезеңнің соңғы жылында қол жеткізілген немесе асып түскен, жеңіл автомобильге келтірілген, бірлікпен көрсетілген, қозғалыстың сағаттық қарқындылығы.

Есептік жылдың ең қауырт, қарбаласты айының қозғалысының тәуліктік қарқындылығы, қозғалыстың елеулі жылдық біркелкі еместігі болған кезде, орташа жылдық деңгейден 2 есе артық, жол санатын тағайындау үшін соңғысын 1,5 есеге ұлғайту қажет.- (Өзг. ред. ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

4.1.3 Жобаланатын жолдың қозғалыстың тиімді тәуліктік және тиімді сағаттық қарқындылығы шамалары бойынша белгіленген санаттары сәйкес келмеген жағдайда олардың ішіндегі ең жоғарғысы қабылданады.

4.1.4 Қажет болған жағдайда жобада көлік құралдары қозғалысының қарқындылығы өсуіне қарай жол мен жол ғимараттарының кезеңдік құрылысы қарастырылуы мүмкін.

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013*

Таулы және қиылысты жерлерде I санатты автомобиль жолдары үшін әдетте жүріс жолақтары санының кезеңімен артуын және ландшафттың және басқа да табиғи көрнекіліктерді ірі дербес нысандарын сақтауды ескере отырып, қарсы бағыттағы қозғалыстардың жүріс бөліктерін бөлек трассалау қарастырылады.

4.1.5 I-III санатты автомобиль жолдары трассасын әдетте елді мекендерге кірме

жолдарды жайластыра отырып, оларды айналып өту арқылы салу қажет. Жер төсемі жиегінен елді мекендердің құрылыс салынған шегіне дейінгі арақашықтық олардың бас жоспарларына сәйкес, бірақ кемінде 200 метрге дейін қабылданады.

I-III санатты жолдарды елді мекендер арқылы салудың техникалық-экономикалық мақсаттылығы анықтаған жекелеген жағдайларда оларды әдетте жобада қажетті санитариялық қорғау шаралары қарастырыла отырып, тиісті мәндегі елді мекендердің көшелері ретінде жобалайды.

4.2 Автокөлік құралдарының есептік жылдамдығы, жүктемелері және габарит өлшемдері

4.2.1 Жоспар элементтерін, бойлық және көлденең пішіндерді (профильдерді), сондай-ақ қозғалыс жылдамдығына байланысты басқа да элементтерді жобалау үшін қозғалыстың есептік жылдамдығы әдетте 3-кесте бойынша қабылданады.

4.2.2 Қиылысқан және таулы жерлердің күрделі учаскелер үшін 3-кестеде белгіленген есептік жылдамдықтар, жобаланатын жолдың әрбір нақты учаске үшін жергілікті жағдайларды ескере отырып, тиісті техникалық және экономикалық негіздемеде ғана қолдану керек.

4.2.3 Автокөлік құралдарының есептік жылдамдығы, жүктемелері және габарит өлшемдері «Автомобиль жолдарына» ҚР ҚН сәйкес келтіріледі.

4.2.4 Есептік жылдамдық үшін жүріс бөлігінің жабыны бар автомобиль шиналарының ілінісуінің қалыпты жағдайында жеке дара автомобиль қозғалысының қауіпсіздігі, қолайлылығы мен жайлылығы талаптары бойынша ықтимал болған ең көп жылдамдығы алынады. Есептік жылдамдық мәндері жоспардың геометриялық элементтерінің шекті рұқсат етілетін мәндерін, бойлық және көлденең пішіндердің түрлі санатты автомобиль жолдарының жобалауға ең қолайсыз учаскелерді есептеу үшін пайдаланылады.

Ескертпе – Автомобильдер шиналарының жүріс бөлігі бетімен ілінісуінің қалыпты жағдайлары жылдың жаз мезгілінде ауаның температурасы +20°C кезінде автомобиль қозғалысының сағатына 60 шақырым жылдамдықпен жүрісіне, салыстырмалы ылғалдылығы 50 %, метеорологиялық көрінуі 500 метрден астам, желдің жоқтығы мен атмосфералық қысымы 1013 Мпа (760 мм. сын. бағ.) таза құрғақ жабын бойынша бойлай ілінісу коэффициенті 0,6 кем емес, ылғалды жабыны бойынша – кемінде 0,5-ке сәйкес келеді.

3-кесте - Есептік жылдамдықтар

Жолдар санаты	Есептік жылдамдықтар, км/сағат		
	негізгі	жергілікті жердің қиын учаскелерінде	
		қиылысқан	таулы
I-a	150	120	80
I-б	120	100	60
II	120	100	60
III	100	80	50
IV	80	60	40
V	60	40	30
<p>ЕСКЕРТПЕЛЕР:</p> <p>1. Қиылысқан жердің қиын учаскелеріне 0,5 км аспайтын қашықтықтағы, аңғарлар мен су айдындары арасындағы айырмашылықтары 50 м астам, бүйірлі терең арқалықтары мен жыралары бар, тұрақсыз беткейлері бар жиі кезектесетін терең алқаптармен ойылған жер бедері жатады.</p> <p>Таулы жерлердің қиын учаскелеріне тау жоталары мен күрделі, ауыр немесе тұрақсыз беткейлерде орналасқан тау шатқалдарының аудандары арқылы өту учаскелері жатады.</p> <p>2. Қалаларға кіреберістерде жобаланатын автомобиль жолдары трассасының бойында күрделі қымбат тұратын құрылыстар мен орман алқаптары болған жағдайда, сондай-ақ аса құнды ауыл шаруашылығы дақылдары мен бақтары бар жерлер жолдармен қиылысқан жағдайда, тиісті техникалық-экономикалық негіздемеде қиылысқан жердің қиын учаскелері үшін көрсетілген есептік жылдамдығын қабылдауға рұқсат етіледі.</p>			

(Өзг. ред. - ҚТКЖШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

5 АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ЖОБАЛАУ ҚАҒИДАЛАРЫ

5.1 Жолдардың көлденең пішінінің параметрлері

5.1.1* Автомобиль жолдарының жүріс бөлігі мен жер төсемінің көлденең профилінің негізгі параметрлері, олардың санатына байланысты «Автомобиль жолдары» ҚР ҚН-ға сәйкес және 4-кесте бойынша қабылданады.

**4-кесте - Автомобиль жолдарының жүріс бөлігі мен жер төсемінің
көлденең профилді элементтерінің параметрлері**

Жол элементтерінің параметрлері	Жолдардың санаттары					
	I-a	I-б	II	III	IV	V
Қозғалыс жолақтарының саны n, дана	қозғалыстың әрбір бағытында 2 және одан да көп		2	2	2	1
Ені, м	3,75	3,75	3,75	3,5	3,0	4,5
- қозғалыс жолақтары	3,75	3,75	3,75	2,5	2,0	1,75
- жол жиектері	3,75	3,75	3,75	2,5	2,0	1,75
- жол жиегінің бекітілген бөлігі	тиісті техникалық-экономикалық негіздеме кезінде 2,5-ке дейін, бірақ 0,75-тен кем емес			0,5	0,5	-
оның ішінде шеттік жолақтар	0,75			0,5	0,5	-
- жол қоршаулары жоқ бөлу жолақтары, Врп	кемінде 6	кемінде 5	-	-	-	-
- жол осі бойынша қоршаулары бар бөлу жолақтары, Врп	кемінде 2 м + қоршаулар ені		-		-	-
- бөлу жолағындағы қауіпсіздік жолақтары	1,0	1,0	-	-	-	-
- жүріс бөлігі	2 (3,75xn)		7,5	7,0	6,0	4,5
- жол жабыны	2 (3,75xn + 1,75)		9,0	8,0	7,0	4,5
- жер төсемі	2 (3,75xn) + 7,5 + Врп		15,0	12,0	10,0	8,0
ЕСКЕРТПЕ: Кестеде жол төсемінің ең аз ені келтірілген. Ені 0,75 м-ден асатын бекітілген жол жиегін және тұрақ жолағын, жол төсемінің енін орнату кезінде, жобада қабылданған көлденең профиліндегі аталған элементтердің мәндерін ескере отырып анықтау қажет.						

I санаттағы жолдардағы қозғалыс жолақтарының саны қозғалыс қарқындылығы мен құрамына, практикалық өткізу қабілеттілігіне және жергілікті жердің әртүрлі рельефі кезінде жолдың қозғалыс тиелуінің рұқсат етілген деңгейіне байланысты техникалық-экономикалық есеппен белгіленуге тиіс.

Көп жолақты жүріс бөлігі бар жолдардың жобаларында қарсы бағыттағы қозғалыстардың жер төсемін дәстүрлі және бөлек орналастыру нұсқаларымен техникалық-экономикалық салыстыруды орындау қажет.

Мұндай автомобиль жолдарының жүріс бөліктерін бөлек трассалау бойлық профильде де, жоспарда да мүмкін болады. Автомагистраль (жүрдек автомобиль жолы) жер төсемінің қырлары арасындағы қашықтық кемінде 25 м болған кезде екі дербес жол ретінде қабылданады.

Жолдың жүріс бөліктері арасындағы кеңістік бос болу керек немесе оны толтыру тығыздығы (мысалы, қону жиілігі) жүргізушіге мерзімді түрде қарама-қарсы жолды көруге мүмкіндік бергені жөн.


Қолданыстағы екі жолақты жолдарды, оларды төрт жолақты I техникалық санаттағы жолдарға ауыстыра отырып реконструкциялау жобаларын әзірлеу кезінде, осы құрылыс ережелерінің талаптарына сәйкес қолданыстағы жолдың

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013*

геометриялық параметрлерін бір мезгілде келтіре отырып, қозғалыстың тікелей немесе қарсы бағыты үшін параллель жол салу нұсқасы қаралуға тиіс.

Бөлек трассалау автожолдың еңістік жол телімдерінің орналасуында жиі қолданылады. Егер еңістік тіктігі 1:8 – 1:6-дан аспаса, бөлу жолағының бетін жоспарламай орнатуға болады.

Кәдімгі трассалау кезінде еңістікте автомагистральдың жер төсемін орналастыру нұсқалары А, а суретінде, бөлек – А, б-г суретінде берілген. А, а-в суреттеріндегі көлденең профильдер тек бойлық профильде бөлек трассалау шарттарына сәйкес келеді, жоспардағы жүру бөліктерінің осьтерінің орны өзгеріссіз қалады. А, г суретте көрсетілген көлденең профильдер бойлық профильде де, жоспарда да автомагистральдың тәуелсіз ізіне сәйкес келеді. Бұл жағдайда жол бөліктері арасындағы беттің көлденең көлбеуіне және олардың арасындағы қашықтыққа, сондай-ақ бір жолдың шеті екіншісінен асып кетуін 4-1-кесте бойынша қабылдау ұсынылады.



А-сурет – Еңістіктегі автомагистралының көлденең профильдері

4-1-кесте – Еңістіктегі автомагистралының көлденең профилін жобалау параметрлері

Жол жиектері арасындағы қашықтық, м	Іргелес жүретін бөліктердің жиектерін арттыру, м, олардың арасындағы беткейлерде		
	1:6	1:4	1:3
12	0,9	1,2	1,5
15	1,2	1,8	2,4
18	1,8	2,7	3,6
21	2,1	3,3	4,5
24	2,7	4,2	5,4
30	3,6	5,7	7,5

Қозғалыстың қосымша жолағының ені қозғалыстың негізгі жолағының еніне тең қабылданады.

Қосымша жолақ көтерілу басталғанға дейін 50-100 м-ден басталады және 4-2-кестеде келтірілгеннен кем емес қашықтықта көтерілу шегінен тыс аяқталады.

4-2 - кесте - Көтерілу шегінен тыс қосымша жолақтың ұзындығы

Көтерілу бағытындағы бірл./тәул. келтіру қозғалыстың қарқындылығы	4000	5000	6500	8000 және астам
Көтерілуден тысқары жолақтың жалпы ұзындығы, м	50	100	150	200

Қосымша жолақтың енін оның басталуына дейін немесе аяқталғаннан кейін мүмкіндігінше бөлініп берілетін қосымша жолақтың ұзындығының оның еніне кемінде 30:1 арақатынасын сақтай отырып, ұзындығы 60 метрден кем емес учаскеде жүзеге асырылады. *(Ізм.ред. – приказҚДСиЖКХ от 13.02.2024 г. №26-НҚ)*

5.1.2 Алгебралық айырмасы 60 % және одан асатын бойлық еңістің учаскелерін ұштастыратын тігінен иілген ауытқымалардағы жүріс бөлігінің енін II және III санатты жолдар үшін 0,5 м, ал IV және V санатты жолдар үшін нормалармен салыстырғанда 0,25 м әр жағынан ұлғайту қажет. - *(Өзг. ред.- ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)*

Жүріс бөлігі кеңейтілген телімдердің ұзындығы тігінен иілген ауытқыманың ұзындығына тең болуы тиіс және II және III санатты жолдар үшін кемінде 100м, ал IV және V санатты жолдар үшін кемінде 50м.

Кеңейтілген жүріс бөлігіне көшу II және III санатты жолдар үшін ұзындығы 25м кем емес телімде және IV және V санатты жолдар үшін ұзындығы 15м телімде жүзеге асырылады.

5.1.3 Еңістілігі 60% астам V санатты жолдар телімдерінде, сондай-ақ жол жиектері нығайтылмаған гидрологиялық жағдайлары қолайсыз жерлерде жол айрықтарын жайландыруды қарастыру қажет. Жол айрықтарын жайластырғанда араларындағы қашықтық 1 шақырымнан аспауы тиіс көршілес жол айрықтарының тікелей көрініп тұруын қамтамасыз ету қағидаттарын басшылыққа алу қажет. Жол айрықтардың ұзындығы әдетте 30 метрден кем емес, жүрісті күтіп тұрған автомобильдердің орналасу жағдайынан басталады. Жүріс жолағының саны, жолайрық теліміндегі жер төсемінің және жүріс бөлігінің геометриялық элементтері параметрлері IV санатты жолдарға қойылатын талаптар бойынша белгіленеді. Жолайрықты жайғастырғанда жер төсемі мен жүріс бөлігінің енін бөлу 10 м кем емес арақашықтықта жүзеге асырылады.

5.1.4 Таулы мекендердің қиын бөліктерінде, сондай-ақ пайдалы жер-су арқылы өтетін телімдерде, қозғалысты ұйымдастыру және қауіпсіздігі шараларын әзірлей отырып, тиісті техникалық-экономикалық негіздемесі бар болғанда жолдың жағасының енін I а, I б және II санатты жолдарда 1,5м, ал қалған санаттағы жолдарда 1м дейін тарылтуға рұқсат етіледі.

5.1.5 Бөлу жолағын жобалағанда жолдың келешек дамуы ескерілуі және жүріс жолақтарын бөлу жолағының ені бөлігіне жайғастыру жолымен олардың санын әрі қарай ұлғайту мүмкіндігі қарастырылуы керек, бұл ретте оның қалған бөлігі «Автомобиль жолдары» ҚР ҚН талаптарына сәйкес келуі керек.

Бөлу жолақтарының беті жаңбырлы және еріген суларды бұруды қамтамасыз ететін тиісті еңістіктерге беріледі.- *(Өзг. ред.- ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)*

5.1.6 Пайдалы жерлерде, таулы жерлердің аса қиын тұстарында, құрылыс жүргізілген аймақтарда, үлкен көпірлерде, сонымен қатар басқа да әсер етуші факторлар кезінде тиісті техникалық-экономикалық негіздемемен жолдың осі бойынша қоршаулар орнатуға қажетті бөлу жолағының енін ендеуге рұқсат етіледі.

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013*

Бөлу жолағының енін өзгерту қарсы жүріс бағыттары трассасының ауытқымасын өзгерту жолымен жоспардағы ауытқыма сызықты жол телімдерінде ғана рұқсат етіледі.

2 - 5 шақырымнан кейін бөлу жолағында әдетте төтенше жағдайлар кезінде арнаулы мақсаттағы автомобильдердің, жол машиналарының және басқа да техникалардың қозғалысын ұйымдастыруға арналған көлік құралдарының бұрылуы, сондай-ақ жолда құрылыс және пайдалану жұмыстарын атқару үшін әдетте 30м кем емес алаңқайлар қарастырылады.

Жолды пайдаланудың жай режимінде оларды рұқсатсыз пайдалануды болдырмау және қозғалыс қауіпсіздігін арттыру мақсатында бұл алаңқайлар алынбалы қоршау құрылғыларымен жабдықталуы тиіс.

5.1.7 Автомобиль жолдары көпірлеріне және жол өтпелеріне кірмелер телімдерінде тіреулердің артқы бүйірінен 10 м кем емес қашықтықтағы жер төсемесі жолдың әр жағынан 0,5 м кем емес таяныштың сыртқы шегінің арасындағы арақашықтықтан асатын енімен алынады. Кеңейтілген жер төсеміне ауысу ұзындығы 25м кем емес телімде қолданылады.

5.1.8 Жер бетінің суларын бұрудың қолданылатын жүйесіне байланысты жүріс бөлігіне бір немесе екі көлденең құламалы пішін беру қажет.

Бір құламалы көлденең пішін:

- жүріс бөлігінің деңгейінен көтеріңкі бөлу жолағы бар I санаттағы жолдың тура бағытты телімдерінде қозғалыстың әр бағытының жүріс бөлігін жобалаған кезде;

- ауытқымалық радиусы бұрылыс орнатуды қажет ететін жолдардың ауытқыма бағытты телімдерінде әдетте I санаттағы жолдарда кемінде 3000 м және басқа санаттағы жолдарда кемінде 2000 м қолданылады.

Екі құламалы көлденең пішін:

- I санаттағы жолдардың тура бағытты телімдерінде бөлу жолағының пішіні иілген кезде;

- II-IV санаттағы жолдардың тура бағытты телімдерінде;

- радиустар жоспарында ауытқыма, әдетте 3000 м және одан астам I санаттағы жолдарда және 2000 м және одан астам басқа санаттағы жолдарда осы ауытқыма бұрылыстар болмағанда орнатылады.

Бөлу жолағы бар жолдарда жүріс бөлігінің көлденең пішінінің типін таңдағанда үстіңгі беттің суларының әкетілу шарттарын ескеру қажет, қажет болған жағдайда жүріс бөлігінің және бөлу жолағының бетінен суды әкететін инженерлік тоқтам қарастырылуы қажет.

5.1.9 Жүріс бөлігінің көлденең еңістері (жоспардағы бұрылыстар орнату көзделген қисықтар учаскесінде) қозғалыс жолақтары санына және 5-кестесі бойынша жобалау ауданының климаттық жағдайларына байланысты қарастырылады. - (Өзг. ред.- ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

5.1.10 Екі құламалы көлденең пішін кезіндегі жол жағасының көлденең еңістері әдетте жүріс бөлігінің көлденең еңістерінен 10 - 30% артық алынуы тиіс. Жол жағаларының көлденең еңістерін белгілеген кезде жобаланған ауданның климаттық жағдайлары мен жол жағасын бекітудің қолданылған типі ескерілгені жөн.

Ірі құмдардан және орташа ірілігі бар құмдардан, сондай-ақ ауыр саздақ топырақтан және саздан жер төсемін орнату кезінде шөптер бекітілген жол жиегінің еңісі 40 %-тен деп қабылдауға рұқсат етіледі.

5.1.11 Бұрылыстардағы жүріс бөлігінің көлденең еңістері 6-кесте бойынша жоспардағы қисық радиусына байланысты белгіленеді. - (Өзг. ред.- ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013*

Бір бағытқа қаратылған өзара тікелей ұштасып жатқан аралас ауытқымаларда, сонымен қатар олардың арасында ұзындығы шағын тура ендіріме бар бір құламалы көлденең пішін әдетте тура ендірімені қоса алғанда аралас ауытқымалардың ұзына бойына жайластырылады.

5-кесте - Жүріс бөлігінің көлденең еңістері
(Өзг. ред.- ҚТКЖШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

Жол санаты	Көлденең еңкіш, ‰ жол-климаттық аймақтар		
	III	IV	V
I-а және I-б: а) қарсы қозғалыс бағыттарының жүріс бөлігінің екі құламалы көлденең пішінінде	20	25	15
б) қарсы қозғалыс бағыттарының жүріс бөлігінің бір құламалы көлденең пішінінде:			
-бөлу жолағынан бірінші және екінші қозғалыс жолақтары	20	20	15
-бөлу жолағынан үшінші және төртінші қозғалыс жолақтары	25	25	20
II – IV	20	20	15
ЕСКЕРТУ Қиыршақ тас және ұсақтас төселген жабындарда көлденең еңкіш 25 - 30‰ тең деп алынғаны, ал жергілікті материалдармен бекітілген сазды жабындарда, шағылған және жұмыртас төселген көшелерде 30-40‰ теңдеп алынғаны жөн.			

Қыстың ұзақтығы азғантай және көктайғақ жағдайлары сирек аймақтарда бұрылыстардағы жүріс бөлігінің ең көп еңкіштігін 100 ‰ дейін алуға рұқсат етіледі.

Құрылыс салу немесе жергілікті жердің бедері жағдайлары бойынша жолдың ауыр телімдерінде жүріс бөлігінің еніне қарай көлденең еңкіштің мәндері айнымалы («сатылы бұрылыс» түріндегі) бұрылыстардың жеке жобасын әзірлеуге рұқсат етіледі.

5.1.12 Жолдың екі құламалы пішіннен бір құламалы пішінге ауысу өтпелі ауытқыманың ұзына бойында, ал ол болмаған жағдайда ауытқымаға жапсарлас өтпелі ауытқыманың ұзындығына тең тура телімде жүзеге асырылады.

I санаттағы көпжолақты жолдардағы бұрылыстар әдетте бөлу жолағынан суды әкетуді бір мезгілде шеше отырып, қарсы бағыттағы жүріс бөліктері үшін бөлек жобаланғаны жөн.

Бұрылыстағы жол жағасының көлденең еңкіші жолдың жүріс бөлігінің еңкішімен бірге алынады. Жол жағасы мен жүріс бөлігінің еңкішін тегістеу бұрылыстың айырылуы басталар алдында 10 м ұзындықтағы жол телімінде жүргізу қажет.

Бұрылыстың айырылу телімінде жүріс бөлігінің сыртқы жиегінің ‰ қосымша көлденең еңкіші жолдың техникалық санатына және жер бедеріне қарай жолдардағы мынадай мәндерден аспауы тиіс:

- I және II санаттарда.....5;
- III-IV санаттарда (тегіс жерлерде).....10;

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013*

- III-IV санаттарда (таулы мекендерде)
және V санаттарда.....20.

6-кесте - Бұрылыстардағы жүріс бөлігінің көлденең еңістері
(Өзг. ред.- ҚТКЖШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

Жоспардағы ауытқыманың радиусы, м	Бұрылыстардағы жүріс бөлігінің көлденең еңкіші, ‰	
	негізгісі, аса таралғаны	көктайғақтығы жиі аймақтарда
I санаттағы жолдар үшін 3000-нан 1000-ға дейін	20-30	20-30
II-V санатты жолдар үшін 2000-нан 1000-ға дейін	20-30	20-30
1000-нан 800-ге дейін	30-40	30-40
800-ден 700-ге дейін	30-40	30-40
700-ден 650-ге дейін	40-50	40
650-ден 600-ге дейін	50-60	40
600-ден де аз	60	40
ЕСКЕРТУ Бұрылыстардағы көлденең еңкіштердің аз мәндері ауытқыманың үлкен радиустарына және керісінше сәйкес келеді		

5.1.13 Жоспардағы радиусы 1000 м және одан кем қисықтарда жүру бөлігін кеңейтуді қарастыру қажет. Жолдың екі жолақты жүріс бөлігінің айналмасындағы толық кеңейтілу шамасы 7-кесте бойынша қабылданады.- (Өзг. ред.- ҚТКЖШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

Бұралаң тау жолдарын қоспағанда ауытқымадағы жүріс бөлігін кеңейту жол жағасының қалған бөлігінің ені I және II санатты жолда үшін кеміне 1,5 және қалған санаттағы жолдар үшін 1 м алатындай етіп жол жағасының есебінен ауытқыманың ішкі жағынан жайластырылады. Егер бұл ретте жүріс бөлігін толық енділеуге қол жеткізілмесе, онда әрі қарай кеңейту былайша жүзеге асырылады:

- жазық жерлерде – жер төсемін енділеу есебінен;

- таулы жерлерде, сондай-ақ пайдалы жерлерде және құрылыс салынған аумақтарда – ерекшелік тәртібімен, осы тармақтың жоғарыда келтірілген талаптарын сақтай отырып, сыртқы жол жағасының оның еніне қатысы есебінен. Сонымен қатар, егер жол жағаларының ені жүріс бөлігін толық енділеуді орналастыра алмаса, онда жер төсемін тиісті енділеу қарастырылады.

Жүріс бөлігінің кеңеюі айналма қисықтың басына толық кеңеюдің шамасына қол жеткізетіндей өтпелі қисықтың басынан ара қашықтығына пропорционалды түрде орындалуы тиіс. Соңғы ұзындықта жүру бөлігінің кеңеюі тұрақты болып қалады.

Қозғалыстың төрт және одан да көп жолақтары бар жолдар үшін жүріс бөлігінің толық кеңею шамасын қозғалыс жолақтарының санына байланысты ұлғайту керек, ал бір жолақты жолдар үшін 7-кесте бойынша нормалармен салыстырғанда 2 есеге азайту керек.- (Өзг. ред.- ҚТКЖШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

7-кесте - Екі жолақты жолдардың жүру бөлігін кеңейту
(Өзг. ред.- ҚТКжШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

Жоспардағы ауытқыма радиустары, м	Кеңейту шамасы, м, алдыңғы бамперінен артқы осіне дейінге қашықтығы бар автомобильдер мен автопойыздар үшін, м			
	автомобильдер - 7 және аз, автопойыздар - 11 және аз	13	15	18
1000	-	-	-	0,4
850	-	0,4	0,4	0,5
650	0,4	0,5	0,5	0,7
575	0,5	0,6	0,6	0,8
425	0,5	0,7	0,7	0,9
325	0,6	0,8	0,9	1,1
225	0,8	1,0	1,0	1,5
140	0,9	1,4	1,5	2,2
95	1,1	1,8	2,0	3,0
80	1,2	2,0	2,3	3,5
70	1,3	2,2	2,5	-
60	1,4	2,8	3,0	-
50	1,5	3,0	3,5	-
40	1,8	3,5	-	-
30	2,2	-	-	-

5.1.14 Жүріс бөлігін 2 – 3 м астамға кеңейтілген ауытқыманы қолданудың мақсаттылығы жобада жоспардағы қисықтың әртүрлі радиустары мен қажет етілетін кеңейтудің басқа шамалары бар нұсқаларын салыстырумен негізделгені жөн.

5.2 Жоспар және бойлық пішін

5.2.1 Жобаланатын жолдың геометриялық элементтері ҚР ҚН 3.03-01 талаптарына сәйкес қабылданады.

Егер жергілікті жердің жағдайы бойынша «Автомобиль жолдары» ҚР ҚН 6.2.1 тармағының талаптарын орындау мүмкіндігі болмаса немесе оларды орындау жұмыстардың едәуір көлемімен және жол құрылысы құнының қымбаттауымен байланысты болса, норманың төмендеуін «Автомобиль жолдары» ҚР ҚН 5.1.8-тармақ нұсқауларын ескере отырып, нұсқалардың техникалық және экономикалық салыстыруымен негіздеу керек. Бұл ретте, 3-кестеде келтірілген жол санаттары бойынша қозғалыстың есептік жылдамдықтарына негізделген рұқсат етілген шекті нормалар 8-кесте бойынша қабылдануы керек.- (Өзг. ред.- ҚТКжШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

**8-кесте - Жоспардың және бойлық пішіннің геометриялық элементтері
параметрлерінің нормалары**

Есептік жылдамдық, км/сағ.	Ең үлкен бойлық еңістер, ‰	Ең қысқа көрінетін қашықтық, м		Қисықтардың ең кіші радиусы, м				
		аялдам аушiн	қарсы бағытта келе жатқан автомо- биль үшiн	жоспарда		дөңес	бойлық пішінде	
				негізгі	таулы жерлер- де		негізгі	таулы жерлерде
1	2	3	4	5	6	7	8	9
150	30	300	-	1200	1000	30000	7000	4000
120	40	250	450	800	600	15000	5000	2500
110	45	200	450	700	500	13000	4000	2000
100	50	200	350	600	400	10000	3000	1500
80	60	150	250	300	250	5000	2000	1000
60	70	85	170	150	125	2500	1500	600
50	80	75	130	100	100	1500	1200	400
40	90	55	110	60	60	1000	1000	300
30	100	45	90	30	30	600	600	200
<p>ЕСКЕРТПЕЛЕР:</p> <p>1. Жол учаскелерін қайта құру кезінде ең жоғары есептік жылдамдық, бұл есептік жылдамдық аралас бөліктерде 15%-дан артық ерекшеленбейтін жағдайда қабылданады.</p> <p>2. Кестеде көрсетілген радиустардың және бойлық еңістердің қабылданған мәндеріне сәйкес шекті нормаларды қолдану кезінде тік қисықтардың ұзындығын төмендетуге рұқсат етіледі.</p>								

(Өзг. ред.- ҚТКжШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

9-кесте – Өтпелі қисықтың ұзындығы

Айналмалы қисық радиусы, м	30	50	60	80	100	150	200	250	300	400	500	600- 1000	1000- 2000
Өтпелі қисықтың ұзындығы, м	30	35	40	45	50	60	70	80	90	100	110	120	100

(Өзг. ред.- ҚТКжШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013*

5.2.2 «Ландшафтық жобалау» бөлімшесінде баяндалған нұсқауларды ескеріп, өтпелі ауытқымалар радиустары 2000 м және аз жоспардағы ауытқымада қарастырылады.

5.2.3 Жоспардағы шағын радиустардың қисықтары бойынша рұқсат етілген бойлық еңістің ең үлкен мәні 10-кестеге сәйкес төмендеуі мүмкін. - (Өзг. ред. - ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

5.2.4 Жабық жерлердегі жоспардағы қисықта айналманың ішкі жағындағы көз көрерлік кесіндінің шекарасы есеппен немесе бағанды талдау әдісімен анықталады және қажет жағдайларда ойықты қиябетті кесінділеу, төңіректі ағаштар мен бұталардан тазарту, құрылыстарды көшіру және сол айналмадағы көз көрелік жағдайды қамтамасыз ету жөніндегі басқа да жұмыстар атқару қарастырылады. Бұл ретте ойық қиябетін кесінділеу, ағаштар мен бұталардан тазарту жұмыстары жер төсемінің жиегі деңгейіне дейін жүргізіледі.

5.2.5 Таулы жолдарда бойлық еңісі бар бөліктің ұзындығы жергілікті жердің биіктік сипаттамаларына және еңіс шамасына байланысты 11-кестеде келтірілген мәндерден аспауы қажет. - (Өзг. ред. - ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

5.2.6 Таулы жерлердің ауыр телімдерінде 60% асатын созылмалы бойлық еңкіштер автомобиль қозғалтқышының жұмыс режимін өзгертуді, қажет жерінде автомобильді тоқтатуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бойлық еңкіші аз келесі жайпауыт асулармен (абзалы 20 % және аз) кезектесіп отыруы тиіс. Осы мақсатта жобада автомобильдердің аялдауына арналған алаңқайлар салу қарастырылуы ықтимал.

Автомобильдердің аялдауына арналған алаңқайлардың өлшемдері қозғалыс қарқындылығы мен құрамына қарай кем дегенде 3 - 5 жүк автомобилінің орналасуын қамтамасыз етуі қажет. Олардың орналасатын жерін таңдау Жолдарды пайдаланушыларға арналған қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, жер бедерінің жағдайымен анықталады. Аялдама алаңқайларын желілік типтегі немесе жолдан тікелей жақынға орналасқан уақытша демалыс орнымен қоса салуға рұқсат етіледі.

Еңкіштігі 50 % астам созылмалы еңістердің соңғы кесінділерінде апатқа қарсы құламалар қарастырылуы қажет. Олар жоспардағы жанама ауытқыманың бағытымен шағын радиустардың айналмасы алдында жолдың жүріс бағытының оң жағынан, ал тура бағытты еңіс телімдерінде жол осіне аздаған бұрышпен жайластырылуы ықтимал. Апаттық құламаларды жобалағанда жолда автомобильдің тежегіш жүйесінен ақау шыққан жағдайда оның қуатын тиімді өшіру үшін жергілікті жер бедерінің мүмкіндіктері мен жол киімінің құрылымдарын барынша пайдалану қажет. Апатқа қарсы құламалардың параметрлері автопойыздың қауіпсіз тоқтау жағдайының есебіне сүйеніп белгіленеді.

5.2.7 Таудың бұралаң жолдарын жобалау нормалары 12-кесте бойынша қабылданады. - (Өзг. ред. - ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

5.2.8 Таудың бұралаң жолдары таяу орналасқанда бір бұралаң жолдың көмекші ауытқымасының шеті мен басқасының көмекші ауытқымасының басы арасындағы арақашықтық үлкен, бірақ II және III санаттағы жолдар үшін кем дегенде 400 м, IV санаттағы жолдар үшін 300 м, ал V санаттағы жолдар үшін 200 м қабылдау қажет.

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013*

5.2.9 Бұралаң жолдардағы жүріс бөлігін енділеуді жайластыру үшін тысқары жол жағасы енінің 0,5 м дейін пайдалануға рұқсат етіледі, ал енділеудің қалған бөлігі ішкі жол жағасы мен жер төсемінің қосымша енділенуі есебінен қарастырылуы қажет.

5.3 Ландшафтылық жобалау

5.3.1 Жол трассасы тегіс кеңістік сызық ретінде, олардың элементтері бір-бірімен және жердің қоршаған ландшафтымен үйлесімді және қозғалыс жағдайына және жолды көзбен көріп қабылдауға ықтимал әсері бойынша жобалық шешімдердің нұсқаларын бағалай отырып, жобалануы мүмкін.

Жолдың тегіс жатықтығын қамтамасыз ету үшін ландшафтылық жобалау қағидаттарын сақтау және жоспар мен бойлық пішіннің ұтымды үйлесімін пайдалану қажет.

Жоспардың геометриялық элементтерінің параметрлері, бойлық және көлденең пішіндердің жеке немесе бір-бірімен өзара үйлесімде жолдың одан әрі бағытының көру айқындығын қамтамасыз етеді, оның ішінде нақты көріну шегінен тыс көру айқындығын, оларда қозғалыс шарттарының алдамшы түсінік жасайтын учаскелердің болмауын қамтамасыз етеді.

Жолдың біркелкілігі мен көру айқындығын бағалауды, әдетте, жолдың келешектегі бейнелерін салу жолымен тексереді. - (Өзг. ред.- ҚТКжШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

10-кесте – Қисық шағын радиустарда ең үлкен бойлық еңістердің азаюы

Жоспардағы қисық радиусы, м	50	45	40	35	30
Ең үлкен бойлық еңістердің нормасына қарағанда азаюы %, кем емес	10	15	20	25	30

(Өзг. ред.- ҚТКжШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

11-кесте - Созылыңқы еңісі бар учаскелердің рұқсат етілген ұзындығы

Бойлық еңіс, %	Теңіз деңгейінен жоғары биіктіктегі, м учаскенің ұзындығы, м,			
	1000	2000	3000	4000
60	2500	2200	1800	1500
70	2200	1900	1600	1300
80	2000	1600	1500	1100
90	1500	1200	1000	-

(Өзг. ред.- ҚТКжШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

12-кесте - Бұралаң тау жолдарын жобалау нормалары

Бұралаң тау жолдары элементтерінің параметрлері	Қозғалыстың есептік жылдамдығы кезінде бұралаң тау жолдарын жобалау нормалары, км/сағат		
	30	20	15
Жоспардағы қисықтардың ең аз радиусы, м	30	20	15
Бұрылыстағы жүріс бөлігінің көлденең еңісі, ‰	60	60	60
Өтпелі қисық ұзындығы, м	30	25	20
Жолдың жүріс бөлігін кеңейту, м	2,2	3,0	3,5
Бұралаң тау жолдары шегіндегі ең көп бойлық еңіс, ‰	30	35	40

(Өзг. ред.- ҚТКЖШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

5.3.2 Кең жол бұрылысы бұрыштарының шығы мен созылыңқы көлбеу сынықтарын әдеттегідей қосу керек. Созылыңқы пішіннің тұрақты көлбеуі бар учаскелерімен жоспарда қисықтарды орналастыруға жол берілмейді.

Жоспардағы қисықтар қисықтықтың тұрақты (дөңгелек қисықтар) немесе ауыспалы (клотоидтар) қисықтық радиусында болуы мүмкін. Жоспарда қисық радиусты тағайындаған кезде клотоидтарға үлкен параметрлерге жол беру керек, ал олрады пайдалану мүмкін болмағанда немесе мақсатқа сай болмағанда – радиустары 3000 м және одан жоғары дөңгелек қисықпен.

Созылыңқы пішіннің дөңес сынықтарында жоспардағы қисықтар созылыңқы пішіндегі қисықтардан 100 -150 м ұзынырақ болуы тиіс және әр қозғалыс бағыты үшін жол санатына және жоспардағы қисықтың радиусына байланысты 20-100 м-ден аз тік қисықтан бұрын басталуы тиіс. Созылыңқы пішіннің дөңес сынығына қатысты тік қисықтың ұзындығынан 1/-тен артық емес кең жол бұрылысының дөңес сынығына қатысты кең жол бұрылысы бұрышының шыңын айқастыруға жол беріледі.

Жоспардағы қисықтар және тік иілген қисықтар бір ұзындықта болуы тиіс. Осы қисықтардың бір біріне қатысты айқасуынан құтылу мүмкін болмаған жағдайда жоспардағы қисықты бұрылыс бұрышымен сол жаққа қарай созылыңқы пішін сынығының тік иілген қисықтың алдында шықпайтын бұтақта орналастыру қажет.

Жолдарды қалпына келтіру жобаларында созылыңқы пішінде қисықтардың басымен жоспардағы қисықтар түйісуіне жол бермеу қажет. Олардың арасында ұзындығы кем дегенде 150 м. тік қойманы орналастыру қажет. Егер жоспардағы қисық ұзындығы 500 м-ден астам және көлбеуі 30%-ден артық ылдидың төменгі жағында орналасқан болса, оның радиусы әдеттегідей кем дегенде 1,5 есеге ұлғайтылуы тиіс.

Жаңа жолдардың жобаларында жоспардағы түзулердің ұзындығын, әдетте, 13-кестеге сәйкес шектеу керек. - (Өзг. ред.- ҚТКЖШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013*

Жолдың бүкіл бойында түзу сызықты және қисық сызықты аралас учаскелердің ұзақтығының заңды және біртіндеп өзгеруі мүмкін.

13-кесте - Жоспардағы түзудің шекті ұзындығы

(Өзг. ред.- ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

Жол санаты	Жоспардағы ауытқыманың шекті ұзындығы, шақырым	
	жазық жерлерде	қиылысты жерлерде
I	3,5-5	2-3
II, III	2-3,5	1,5-2
IV, V	1,5-2	1,5
ЕСКЕРТУ – Тік сызықтардың ұзындығының үлкен болуына басым түрде жеңіл жүріс кезінде, ал аз болуына жүкпен жүріс кезінде жол беріледі.		

5.3.3 Жаңа жолдарды жобалағанда жоспардағы аралас ауытқыманың радиустары әдетте 1,3 еседен аспайтын айырмаланбауы тиіс. Ауытқымалар ұштасқанда аралас өтпелі ауытқымалар параметрлерін біркелкі белгілеуді ұсынамыз.

5.3.4 Жоспардағы жолдың бұрылуының шағын бұрыштарында 14-кестеде келтірілгеннен кем емес радиусы бар клотоидтарды немесе дөңгелек қисықтарды қолдану ұсынылады.- (Өзг. ред.- ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

14-кесте - Бұрылыстың шағын бұрыштары кезіндегі жоспардағы қисық радиустары

(Өзг. ред.- ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

Бұрылу бұрышы, град	1	2	3	4	5	6	7 - 8
Айналма ауытқыманың ең аз радиусы, м	30	20	10	6	5	3	2,5

5.3.5 Жоспардағы бір жаққа бағытталған екі ауытқыманың арасындағы қысқа тура ендірімені пайдаланбаңыз. Оның ұзындығы кемінде 100 м болғанда екі ауытқыманы радиусы үлкен бір ауытқымамен алмастыруды, ұзындығы 100 - 300 м болғанда тура ендірімені параметрі үлкен өтпелі ауытқымамен алмастыруды ұсынамыз. Тура ендіріме трассаның дербес элементі ретінде I санатты жолдарға және ұзындығы 700 асатын II санатты жолдарға, ал III және IV санатты жолдар үшін 300 м астам рұқсат егіледі.

5.3.6 Бойлық пішінде ұзын тура ендірімеге жол берілмегені жөн. Олардың аралас тігінен иілген қисық радиусына және жанасатын еңістердің алгебралық айырмасына байланысты шекті ұзындықтары 15-кестеде келтірілген. - (Өзг. ред.- ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

5.4 Жаяужолдар мен велосипед соқпақтары

5.4.1 Елді мекендер арқылы өтетін жаяужол немесе жаяу жүргіншілер жолақтарын қатты төсемді жолдарда орналастырады.

5.4.2 Қала үлгісіндегі ауыл аймақтарда жаяужолдарды қала және ауылдық елді мекендерді жоспарлау мен салудағы нормативті құжаттардың талаптарына сай орналастырады.

15-кесте - Тура ендіріменің ең үлкен ұзындығы
(Өзг. ред.- ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

Бойлық пішіндегі иілген ауытқыманың радиусы, м	Бойлық еңкіштердің алгебралық айырмасы, ‰						
	20	30	40	50	60	80	100
	Бойлық пішіндегі тура ендіріменің ең көп ұзындығы, м						
	І және ІІ санаттағы жолдар үшін						
4000	150	100	50	0	0	0	-
8000	360	250	200	170	140	110	-
12000	680	500	400	350	250	200	-
20000	-	-	850	700	600	550	-
25000	-	-	-	-	900	800	-
	ІІІ және ІV санаттағы жолдар үшін						
2000	120	100	50	0	0	0	0
6000	550	440	320	220	140	60	0
10000	-	-	680	600	420	300	200
15000	-	-	-	-	-	800	600

5.4.3 Тротуарлар жолдың екі жағында, ал бір жақты құрылыс кезінде – бір жағынан салынады.

5.4.4 Жаяу жүргіншілер жолдары жер жолағының шегінде орналасады.

5.4.5 Үймелері биік немесе ойықтары терең, қиылыстары көп мекендерде, сондай-ақ жолдар батпақты телімдерден өткен кезде жүргіншілер соқпақтары жүріс бөлігінің жиегінен 2,5 м кем емес себілген бермалардағы еңістерге орналастырылуы мүмкін. Жүріс бөлігінен 3 м кем емес қашықтықта жол жағасымен бір деңгейде жүргіншілер соқпағын жайластырғанда олар жол қоршауларының көмегімен жүріс бөлігінен бөлінеді.

5.4.6 Жаяужолдағы және жүргіншілер соқпағындағы жолаушылар жүрісінің жолақтар саны жүргіншілер жүрісінің қарқындылығына байланысты болады.

Қарбалас сағаттарда (қос бағытта) жүргіншілер жүрісінің қарқындылығы жинағы сағатына 50 жүргіншіге дейін болғанда жаяужолда бір жүріс жолағы, ал сағатына 1000 адам болғанда кем дегенде екі жүріс жолағы болуы мүмкін.

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013*

Жүргіншілер жүрісінің қарқындылығы сағатына 1000 адамнан асқанда жүріс жолағының саны әр мың адамға бір жүріс жолағынан қосылып отырғаны жөн.

5.4.7 Жүріс жолағы екеу және одан да көп жаяужолдың (жүргінші соқпағының) бір жолағының ені кемінде 0,75 м болуы тиіс. Бір жолақты жүргіншілер соқпағының ені кемінде 1,0 м болуы тиіс.

5.4.8 80% астам еңкіштерде жүргіншілер соқпақтарын өзара маршты үш басқыштан кем емес және еңкіштігінің тіктігі 1:2,5 баспалдақтармен байланысқан еңкіштігі 80% аспайтын жекелеген телімдер түрінде бойлық пішінмен орындауға рұқсат етіледі.

5.4.9 Қала типіндегі елді мекендерде жаяужолдың бойына жүргіншілер қоршаулары орнатылады немесе жүргіншілерді жүріс бөлігінен бөліп тұратын тұтас тал-шілік отырғызылады. Тал-шіліктің биіктігі 0,8 м аспауы тиіс.

Жүргіншілер өткелдері

5.4.10 Елді мекендердегі автомобиль жолдары арқылы өтетін жүргіншілер өткелдері 200 - 300 м кейін жайластырылады. Ұзындығы 0,5 шақырымға дейінгі елді мекендерде аралығы 150 м екеуден аспайтын жүргіншілер өткелі қойылады.

5.4.11 Елді мекендердің сыртында жүргіншілер өткелдері тамақтандыру және сауда бекеттері, медициналық және ойын-сауық мекемелері және басқа да қозғалысқа қызмет көрсету нысандары жайғасқан орындарда осы мекемелерге бастап әкелетін жаяужолдарға және жүргіншілер соқпақтарына қарама-қарсы орындарда жайластырылады. Елді мекендер сыртында жерүсті жүргіншілер өткелдері орындары жолдың қос қапталынан 150 м кем емес қашықтықта қарастырылуы тиіс.

5.4.12 Жүргіншілер өткелінің түрі На автомобиль және $N_{жүрг}$ жүргіншілер жүрісінің қарқындылығы шамасы мен арақатынасына қарай таңдалады.

16-кесте - Жаяу жүргіншілер өткелдерінің түрлері

Автомобиль жолының техникалық санаты	Жаяу жүргіншілер қозғалысының қарқындылығы кезіндегі жаяу жүргіншілер өткелдерінің түрі, адам/сағ.	
	Жолдың жүріс бөлігімен бір деңгейде	Жолдың жүріс бөлігімен әртүрлі деңгейде
Ia	Рұқсат етілмейді	Жаяу жүргіншілер қозғалысының қарқындылығына қарамастан
Iб	100-ден кем	100 және одан көп
II	250-ден кем	250 және одан көп
III	Қозғалыс қарқындылығына қарамастан	Тиісті техникалық және экономикалық негіздеме кезінде ерекшелік ретінде

(Өзг. ред.- ҚТКжШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013*

5.4.13 Жүргіншілер өткелдері жол белгілерімен, таңбамен, тарату жүйелерін пайдалану мүмкін болғанда сыртқы стационарлық жарықтанырумен жабдықталуы тиіс.

Жүріс бөлігінің ені 15 м және одан да көп жолдарда жерүсті жүргіншілер өткелдері тиісті қауіпсіздік аралдарымен жабдықталуы тиіс.

5.4.14 Бағдаршаммен реттелетін жерүсті жүргіншілер өткелінде жолдың қос қапталынан жүргіншілер өткелінің екі жағынан 50 м кем емес қашықтықта таяныш типіндегі жүргіншілерді шектеуші қоршаулар қойылуы тиіс.

5.4.15 Бағдаршаммен реттелетін жер үсті жаяу жүргіншілер өткелдерінде орналасқан орындардағы бөлу жолағы бар жолдарда таяныш типіндегі жүргіншілерді шектеу қоршаулары немесе жүргінші өткелінің қос қапталынан бөлу жолағында ұзындығы 20 м кем емес торшалар түріндегі қоршаулар орнатылуы тиіс.

Велосипед соқпақтары

5.4.16 Велосипед соқпақтары жолдың жүріс бөлігінен тысқары жеке жер төсемінің үстіне, үймелердің етігіне және ойықтардың сыртына немесе арнайы орнатылған бермаларға жайластырылады.

Жасанды құрылыстарға жақын жатқан жерлерде велосипед жолдары оларды жүріс бөлігінен қоршаулармен немесе бөлу жолақтарымен бөлетін жол жиегіне орналастырылуы мүмкін. Велосипед жолдарының негізгі параметрлері 17-кестеде көрсетілген. - (Өзг. ред.- ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

Көлденең пішіндер олардың ені не байланысты және суды бұруды ескере отырып бір немесе екі ре сырғанауды жобалайды.

17-кесте - Велосипед жолдарының негізгі параметрлері

(Өзг. ред.- ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

Нормаланатын көрсеткіш	Ұсынылатын мәндер		
	жаңадан салынғандағы	абаттандыру кезінде немесе қыстырылған жағдайдағы ең аз мәндер	саябақ аймағы үшін
Есепті жүріс жылдамдығы, км/ч	25	15	15
Жүріс бөлігінің ені, м, қозғалысқа арналған:			
бір бағыттағы бір жолақты одноположного одностороннего	1,0	0,75	0,75 - 1,0
"-" екі жолақты	1,75	1,50	1,5 - 1,75
түрлі бағыттағы екі жолақты	2,50	2,00	2,00 - 2,50
жүрістің екі түрі бөлінген велосипед-жүргінші соқпағы	4,00<1>	3,25<1*>	4,00<1>
жүрістің екі түрі бөлінбеген велосипед-жүргінші соқпағы	2,50<2>	2,00<2*>	2,00 – 2,50
велосипед жолағы	1,20	0,90	0,90

17-кесте - Велосипед жолдарының негізгі параметрлері (жалғасы)

Жол жағасының ені, м	2,50<3> ----- 0,25- 0,30<3*>	0,25-0,30 ----- 0,50-0,75	0,25-0,30 ----- 0,50-0,75
Жоспардағы ауытқыманың ең аз радиусы, м:			
бұрылыс жоқ болғанда	75	50	30
"- бар-"	20	10	10
Вертикальды ауытқымалардың ең аз радиусы, м:			
Шығыңқы	500	400	250
Кіріңкі	150	100	70
Ең көп бойлық еңкіш, ‰	60	70	90
Жүріс бөлігінің көлденең еңкіші, ‰	15-20	15-20	15-20
Бұрылыс еңкіші, ‰, мына радиуста:			
10-20 м	≥40	30	30
20-50 м	30	20	20
50-100 м	20	15-20	15-20
Биіктігі бойынша габариттік өлшем, м	2,50	2,25	2,25
Кедергіге дейінгі ең аз қашықтық, м	0,50	0,50	0,50
1 ЕСКЕРТПЕ Жүргінші соқпағының ені 1,5 м, велосипед соқпағының ені 2,5 м. 2 ЕСКЕРТПЕ–Жүргінші соқпағының ені 1,5 м, велосипед соқпағының ені 1,75 м. 3 ЕСКЕРТПЕ сағ 30 вел. аспайтын және сағ 15 жүрг аспайтын жүріс қарқындылығы 4 ЕСКЕРТПЕ сағ 30 вел. аспайтын және сағ 50 жүрг аспайтын жүріс қарқындылығы			

5.4.17 Бойлық еңістерге байланысты ұсынылатын көтерілу ұзындықтары 18-кестеде көрсетілген. - (Өзг. ред.- ҚТКжШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

Бойлық еңкіші ≤ 20 ‰ болғанда өрдің ұзындығы нормаланбайды.

Ұзындықтардың ең аз мәндері жаңа құрылысқа, ең көп мәндері абаттандыруда, қыстырылған жағдайларда және велосипед жолақтары үшін сәйкес келеді.

18-кесте - Ұсынылатын көтерілу ұзындықтары

(Өзг. ред.- ҚТКжШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

Велосипед соқпағының бойлық еңкіші, ‰	70	60	50	40	30
Өрдің ұсынылатын ұзындығы, м	< 30	40-60	70-130	150-250	250-500

5.4.18 Велосипед соқпағы осі бойына жүріс бөлігінің орташа ашықтығы 0,15-0,25 қд/м² немесе орташа жарықтандырылуы 3,4-3,9 лк 10-30 м көз көрерлік қашықтық қамтамасыз етіледі, бұл велосипедшілерге тәуліктің қараңғы мезгілінде жүруге мүмкіндік береді.

Қиылыстар аймағындағы велосипед соқпақтары автомобиль жолымен қиылыстардан 60 м кем емес қашықтықта жарықтандырған жөн.

5.4.19 Кәсіпорындарда, қысқа мерзімді тынығу орындарында, дүкендерде және басқа да қоғамдық орталықтарды ашық велосипед тұрақтарын жабдықтаған жөн Олар келешекте 100 келушінің велосипедіне шақталған велосипедтерді қою мен сақтауға арналған бағаналармен, бокстармен немесе басқа да құрылғылармен жабдыкталады.

5.4.20 Велосипед соқпақтарының жабыны шеменді бетоннан, асфальтты бетоннан, резінке үгінделері қолданылған асфальтты бетоннан (ҚРҰ 218-76) жасалады. Тәулігіне 100 велосипедтен кем жүріс қарқындылығы кезінде жабындар жергілікті суға төзімді материалдардан: төзімділігі төмен тас материалдардан, кірпіш сынықтарынан, пеш қождарынан жасалады.

5.4.21 Елді мекендерге жақындағандағы велосипед жолдарының ұсынылатын ұзындығы 19-кестеде көрсетілген.- (Өзг. ред.- ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

5.4.22 Екі бағытта қозғалыстың үш сызықтан аспайтын автомобиль жолдарымен велосипед жолдарының қиылыс орындарын жол белгілерімен және таңбаларымен жабдықтайды.

Бағдаршамды реттеуді кем дегенде 50 вел.\ад. кем емес велосипед қарқыны кезінде орнатады.

Автомобиль жолдарымен қиылыстарда жаяу жүргіншілермен біріктіруге рұқсат беріледі.

19-кесте - «Елді мекендерге жақындағандағы велосипед жолдарының ұсынылатын ұзындығы

(Өзг. ред.- ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

Халық саны, мың адам	500 жоғары	500-250	250-100	100-50	50-25	25-10
Велосипед жолының ұзындығы, км	15	15-10	10-8	8-6	6-3	3-1

6 АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫНЫҢ ИНЖЕНЕРЛІ КОММУНИКАЦИЯЛАРМЕН ҚИЫЛЫСТАРЫ ЖӘНЕ ЖОЛ ТҮЙІНДЕРІ

6.1 Автомобиль жолдарының қиысулары және қабысулары

6.1.1 Автомобиль жолдарының қиысуларын және қабысуларын, әдеттегідей, перспективалық қарқындылық туралы мәліметтер және барлық бағыттағы көліктік ағымдардың құрамы негізінде жобалау қажет.

6.1.2 I-III санаттағы автомобиль жолдарында қиысулар және қабысуларының саны, әдеттегідей, аз болуы мүмкін. I-а санатындағы елді мекендерден тыс автомобиль жолдарында қиысулар және қабысуларды I-б және II санатындағы жолдарында 5 км, ал III санаттағы жолдарда 2 км, 10 км жиі емес қаралуға жатады.

Әр түрлі деңгейдегі жүргіншілер өткелін (жер асты немесе жер үсті) I-б санатындағы жол үшін 100 адам\сағ және одан да көп, және II санаттағы жол үшін 250 адам\сағ жүргіншілер қозғалысының қарқындылығы кезінде I-б және II санатындағы жолдар арқылы жобалау қажет. Осындай өтпелердің орналасу орындарында өтпелі қоршауларды қарастырған жөн шығар.

6.1.2-1 Автомобиль жолдарының бір деңгейдегі қиылыстары мен жанасуларында 8-кестеде келтірілгеннен кем емес қашықтықта қозғалыстың әрбір бағытынан көріну қамтамасыз етілуі керек. Жол бойындағы жолақты қоса алғанда, жолдардың қиылысуы және жанасуы аймағында қозғалысқа қызмет көрсететін құрылыстарды, сондай-ақ көрінуді шектейтін және жол қозғалысының қауіпсіздігіне қатер төндіретін биіктігі 1,2 м астам жасыл желектерді орналастыруға рұқсат етілмейді.- (Өзг. ред.- ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

6.1.3 I-III санаттағы дала жолдарындағы жолдар қиылысы және малды айдап өту жақын арадағы тиісті жасанды құрылыстармен үйлесуі мүмкін, ал мұндай құрылыстар болмаған жағдайда 2 км астам жол телімдерінде олардың құрылуларын қарастыру қажет.

Сондай-ақ, олардың жаппай миграциялы дәстүрлі жолдармен қиылысу орындарында жабайы аңдармен рұқсат үшін арналған құрылыстар.

Далалық жолдармен қиылысатын жерлердегі, сондай-ақ жабайы және үй жануарларын өткізуде мүдделі ұйымдардың арнайы талаптары болмаған жағдайда, жасанды құрылыстардың габариттік өлшемдерін 20-кесте бойынша қабылдау керек.- (Өзг. ред.- ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

**20-кесте - Дала жолдары және малды айдау үшін жасанды
құрылыстардың габариттері**

(Өзг. ред.- ҚТКжШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

Құрылыс атаулары	Жалпақтығы, м	Биіктігі, м
Дала жолдары үшін	6	4,5
Мал айдау үшін	4	2,5

6.2 Өтпелі-жылдамдықты сызықтар

6.2.1 Тоқтау сызығын ойық үлкендігі 0,5м бастау қажет. Құламалардан шығу кезінде өтпелі жылдамдықты сызықтардың аяғының көрінуі қамтамасыз етілуі тиіс.

**21-кесте - Қозғалыстың жоғарғы жылдамдығы бар өтулерге рұқсат
құламалар алдында тежеу жолақтарының элементтері**

(Өзг. ред.- ҚТКжШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

Құламалардағы қозғалыстың есепті жылдамдығы, км/сағ	Толық жалпақтықтағы тоқтау сызығының ұзындығы, бас жолдағы қозғалыстың есепті жылдамдығы кезінде м, км/сағ		
	150	120	80
80	150	40	0
60	230	120	0
40	280	170	50
1 ЕСКЕРТУ Тежеу жолақтарының жоспардағы ауытқымада немесе бойлық еңкішті телімдерде орналасқан жағдайда толық енді тежеу жолағының ұзындығы есеппен белгіленгені жөн.			
2 ЕСКЕРТУ Құламалардағы екпіндеу жолағының ұзындығы құламалардағы рұқсат етілетін жүріс жылдамдығына байланысты бойынша белгіленеді.			

«Жоңышқа жапырағы» көліктік түйіндерде, I және II санаттағы жол қозғалысының бір бағытына жанасатын сол бұрылысты құламалардың аралас өтпелі жылдамдықты сызықтарын ұзындығы бойынша бір сызықтар түрінде жобалау қажет, сонымен қоса, жол өткізгіш және (немесе) оның астындағы телімдерде.

Көлденең және тік жоспардағы құламалар алдында I-а санатындағы автомобиль жолдарының учаскелерінде, жеткілікті жоғары жылдамдықтармен қауіпсіз жүруге рұқсаты бар геометриялық элементтердің параметрлері, 21-кестесінде келтірілген нормаларға сәйкес толық енді тежеу жолақтарының ұзындығын шектеуге болады. Бұл ретте, басты жол бойынша қозғалыстың есептік жылдамдығына қарамастан тежеу жолағының енін бөлу учаскесінің ұзындығын 120 м тең қабылдау керек.- *(Өзг. ред.- ҚТКжШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)*

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013*

6.2.1-1 Өтпелі-жылдамдық жолақтарының ұзындығы 22-кесте бойынша қабылдануы керек. - (Өзг. ред.- ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

22-кесте –Өтпелі-жылдамдық жолақтарының ұзындығы

Жол санаты	Бойлық еңістігі, %, кезінде		Жолақтардың толық жалпақ енінің ұзындығы, м, үшін		Жеделдету және тежеу жолақтарының ұзындығы, м
	төмен түсу	көтерілу	жеделдету	тежеу	
Іб және II	40	-	140	110	80
	20	-	160	105	80
	0	0	180	100	80
	-	20	200	95	80
	-	40	230	90	80

22-кесте –Өтпелі-жылдамдық жолақтарының ұзындығы (жалғасы)

III	40	-	110	85	60
	20	-	120	80	60
	0	0	130	75	60
	-	20	150	70	60
	-	40	170	65	60
IV	40	-	30	50	30
	20	-	35	45	30
	0	0	40	40	30
	-	20	45	35	30
	-	40	50	30	30

ЕСКЕРТПЕ:

Бұрылатын автомобильдерге арналған өздігінен жүретін бөліктері бар өтпелі-жылдамдық жолақтары құлама жолдармен түйіскен кезде, ұзындықты өтпелі-жылдамдық жолақтарының толық еніндегі есептік жылдамдыққа сәйкес құлама жолдарда азайтуға рұқсат етіледі, бірақ І-б және 2-санаттағы жолдар үшін кемінде 50 м-ге дейін және III санаттағы жолдар үшін кемінде 30 м-ге дейін.

(Өзг. ред.- ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

6.2.2 Қисық сызықпен қималар аймағында ауысу-жылдамдық жолақтары және автобус аялдамалары орындарында І-III санатты жолдарда автобус аялдамаларында 20 м ұзындығында қозғалыстың негізгі жылдамдығымен бөліп алу керек, ені 0,75 м І және II санатты жолдар үшін және 0,5 м III санатты

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013*

жолдар үшін. Бұл жолақтар бір деңгейде тиісті жолақтармен қарастыру және белгімен бөлу қажет.

II және III санаты жолдар бір деңгейінде тежеу жолақтары қималарда сол бұрылыстар үшін бір деңгейде орналасқан жолақтар мен бөлінген белгіге бағытталатын құрылғымен қарастыру ұсынылады.

6.2.3 Өтпелі-жылдамдық жолақтарының ені әдетте жүріс бөлігінің негізгі жолақтарының еніне тең деп алынғаны жөн. Өтпелі-жылдамдық жолақтарындағы жабын мүмкіндігінше негізгі жүрістен түсімен ерекшеленуі тиіс.

Өтпелі-жылдамдық жолақтарына іргелес жол жиектеріндегі шеткі жиек жолақтарды «Автомобиль жолдары» ҚР ҚН талаптарына сәйкес орындау керек. - *(Өзг. ред.- ҚТКжШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)*

Түрлі деңгейлердегі автомобиль жолдарының көлік айрықтары

6.2.4 Автомобиль жолдарының әртүрлі деңгейлердегі қиылыстары мен жанасулары (көлік айрықтары) қиылысу (немесе жанасу) орындарында қарастырылуы керек:

- кез келген санаттағы автомобиль жолдарының I-а санаттағы жолдармен;
- I-б санаттағы автомобиль жолдарының I-б, II немесе III санаттағы жолдармен, сондай-ақ II санаттағы автомобиль жолдарының II немесе III санаттағы жолдармен;
- III санаттағы автомобиль жолдарының қозғалыстың жиынтық перспективалы қарқындылығы 8000 келт. бір./тәу. астам болған кезінде.

Жалпы орналасу ауданын азайту мақсатында көлік айрықтарының құламалары элементтері айналы жүріс жылдамдығына сүйене отырып жобаланады.

Түрлі деңгейлердегі қиылыстардағы оң бұрылысты құламалар әдеттегідей олардағы есептік жылдамдықты I және II санаттағы жолдардың құламалары үшін кем дегенде сағатына 60 км, және III санаттағы жолдар үшін сағатына кем дегенде 50 км қамтамасыз ету шартына сүйеніп, жобаланғаны жөн, оған қоса жолдар сүйір бұрышпен жанасқанда олар тура ендімесіз бірыңғай ауытқымамен орындалады. Кері ауытқыманы пайдаланып, ұштасуға тек айрықша жағдайларда ғана рұқсат етіледі.

Барлық санаттағы жолдар арқылы өтетін көлік айрықтарының жол өтпелерін ҚР ҚН 3.03-12 бойынша жобалау керек.

Ескертпе – IV және V санаттағы автомобиль жолдары қиылысатын немесе жанасатын айрықша тығыз жағдайларда сол бұрылысты құламалардың радиустарын 30 м дейін азайта отырып, «сығылған» көлік айрықтарын («жоңышқа жапырағы» типіндегі) жайластыруға рұқсат етіледі.

I-III санаттағы жолдардан шығып кету және оларға кіру жолдарын 6.2.1 және 6.2.1-1-тармақтарына сәйкес өтпелі-жылдамдық жолақтары құрылғысымен жүзеге асыру керек.

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013*

Қиылыстар мен жанасулардың әр түрлі деңгейлердегі сол жақ бұрыштық түсу жолағының барлық ұзындығына өту бөлігінің ені 5,5 м тең, ал құқық бұрыштық съездер жол бөлігін қисықтарға қосымша кеңейтусіз – 5,0 м тең қабылдайды.

Шеңбердің ішкі жағынан жиегінің ені 1,5 м, сыртқы жағынан – 3 м кем болмауы тиіс.

Бекітудің барлық еніне жол жиектері 7.3.8-тармақта көрсетілген материалдардан жасалған жабынды болады.

Съездердегі бойлық еңістер 40 % - тан аспауы тиіс. Бір жолақты съездерде оларды жобалау бойынша жалпы нұсқауларды ескере отырып, 20-60 % көлденең еңістігі бар вираж құрылғыларын қарастыруға болады.

Шығу жолдарындағы бойлық пішініндегі дөңес қисықтардың ең аз радиустарын 8-кесте бойынша есептік жылдамдықтарға сәйкес қабылдау керек. Екі жолақты құламалар I санаттағы жолдар үшін әрбір қозғалыс жолағының ені 3,75 м болуы мүмкін және қисықтардағы кеңейтуді қарастыру шартымен жобаланады.- (Өзг. ред.- ҚТКжШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

6.2.5 Өртүрлі деңгейдегі жол айрықтарын жобалау кезінде жолдан кіру және шығу аймақтарында қисықтардағы қозғалыс кезінде бүйірлік көрінуді қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды қарастыру керек. I-II санаттағы жолдар үшін бүйірлік көрінудің ең аз қашықтығы - 25 м, МЕМСТ 24451 сәйкес III-IV санаттағы жолдар үшін – 15 м.

Айрықтар аймағында бүйірден және бойлай көз көрерлік аралықты қамтамасыз еткен жағдайда автомобильдерге арналған тұрақтар, автобус аялдамаларын және басқа да имараттар жайластыруға рұқсат етіледі.- (Өзг. ред.- ҚТКжШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

6.2.6 Құбырлардың (су құбыры, кәріз, газ құбыры, мұнай құбыры, жылумен қамтамасыз ету құбырлары және т.б.), байланыс және электр беру желілерінің, сондай-ақ басқа да коммуникациялардың автомобиль жолдарымен қиылысуын оларды жобалауға арналған тиісті нормативтік құжаттардың талаптарын сақтай отырып қарастыру керек.

Өртүрлі жерасты коммуникацияларының автомобиль жолдарымен қиылысулары, әдетте, тік бұрышта жобалануы керек. Бұл коммуникацияларды жолдардың жер төсемінің астына төсеу, олармен қиылысу орындарын қоспағанда, рұқсат етілмейді.- (Өзг. ред.- ҚТКжШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

6.2.7 Өуе телефон және телеграф желілерінің сымдарынан автомобиль жолдарының қиылысқан жерлеріндегі жүріс бөлігіне дейінгі тік қашықтық кемінде 5,5 м (жылдың жылы мезгілінде) болуы керек.

Электр беру желілерімен қиылысу кезінде сымдардың жоғарылауы кем болмауы керек, м:

6,0	1 кВ-қа дейін кернеу кезінде		
7,0	-	-	«110»
7,5	-	-	«150»
8,0	-	-	«220»
8,5	-	-	«330»
9,0	-	-	«500»
16,0	-	-	«750»

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013*

Қашықтық электр тогымен сымдардың қызуын ескерместен немесе көктайғақ кезінде желсіз ауаның жоғары температурасы кезінде анықталады.

Автомобиль жолдарына параллель орналасқан, жер төсемінің жиегінен электр берілісінің жоғары вольтті желілерінің тірегіне дейінгі ең аз ара қашықтық, тіректердің биіктігіне 5 м қосқанға тең қабылдау керек.

Электр берілісінің әуе желілерінің, сондай-ақ телефон және телеграф желілерінің тіректерін қысылған, құрылыс салынған аумақтарда, шатқалдарда және т.б. жағдайларда орналасқан жолдардан аз қашықтықта, келесі шарттарды сақтай отырып орналастыруға рұқсат етіледі:

- тіректің кез келген бөлігінен жол үйіндісінің табанына дейін немесе бүйірлік жыраның сыртқы жиегіне дейінгі ара қашықтықты кесіп өту кезінде:

тіреудің кез келген бөлігінен жолдың жағалауына немесе бүйірлік ағынның сыртқы жиегіне дейінгі қашықтықты орнату кезінде болуы керек:

- I және II санаттағы жолдар үшін 220 кВ-ға дейінгі кернеу кезінде – 5 м және 330-500 кВ кернеу кезінде – 10 м;

- басқа санаттағы жолдар үшін 20 кВ дейінгі кернеу кезінде – 1,5 м, 35-тен бастап 220 кВ-қа дейінгі кернеу кезінде – 2,5 м және 330-500 кВ – 5 м;

- электр берілісінің жоғары вольтты желілерінің қатар параллельді жүруі кезінде жер төсемінің жиегіне дейінгі көлденең қашықтық кернеу кезінде 20 кВ-қа дейін – 2 м, 35-110 кВ – 4 м, 150 кВ – 5 м, 220 кВ – 6 м, 330 кВ – 8 м және 500 кВ – 10 м болуы керек. - (Өзг. ред.- ҚТКЖШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

6.2.8 Автомобиль жолдарында 330 кВ және одан жоғары ауалық электр берілісі желілерімен қиылысқан жерлерде, бұл желілерден қорғау аймақтарында көліктердің тоқтауына тыйым салатын жол белгілерін орнату керек.

1,0 кВ-тан жоғары кернеуде электр желілерін қорғау аймақтарында:

- ауалық электр берілісі желілерімен бойлай жер учаскесі түріндегі немесе ауалық кеңістіктегі, тік беттіктермен шектелген, сымдардың екі жағынан да шеткі сымнан қалыс қалатын, ауытқымаған жағдай кезіндегі мына қашықтыққа орнатылады:

-10-	20 кВ-қа дейінгі кернеу кезінде;		
-15-	"	"	" 35 кВ;
-20-	"	"	" 110 кВ;
-25-	"	"	" 150, 220 кВ;
-30-	"	"	" 330, 500, ± 400 кВ;
-40-	"	"	" 750, ± 750 кВ;
-55-	"	"	" 1150 кВ;

- электр берілісі жерасты кабель желілерімен бойлай жер учаскесі түрінде, тік беттіктермен шектелген, желілердің екі жағынан да шеткі кабельден қалыс қалатын 1 м қашықтыққа орнатылады.- (Өзг. ред.- ҚТКЖШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

7 ЖЕР ТӨСЕМІ

7.1 Топырақтар

7.1.1 Жер төсемінің құрылымы «Автомобиль жолдары» ҚР ҚН талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады. - *(Өзг. ред.- ҚТКжШПК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)*

7.1.2 Жол құрылысында пайдаланылатын топырақтар жаратылуы, құрамы, табиғи жатысына, ісінуіне, отыруына және мұзбен шеменделу дәрежесіне қарай әдетте 25100 МЕМСТ сәйкес бөлінуі тиіс.

Сортаңдану дәрежесінің сипаты бойынша топырақтардың жіктемесі А қосымшадағы А.5, А.6 Кестелерде келтірілген.

Жер төсемінің жоғары қабатына арналған топырақтар әдетте құрамы (сазды топырақтар), ісінуі, отыру дәрежесі, аязбен мамықталуға бейімділігі және жібiгенде отыру дәрежесі бойынша қосымша бөлінуі А қосымшасының А.1- А.4, А.7 - А.10 Кестелеріне сәйкес болуы тиіс.

Үймелер мен жұмыс қабатын салуға арналған топырақтар міндетті 11 қосымшаның А 11 Кестесіне сәйкес ылғалдану дәрежесі бойынша бөлінеді. Бұл ретте ылғалдануына рұқсат етілген топырақтарға ылғалдылығы А қосымшаның А.12 Кестесінің талаптарына сәйкес келетін топырақтар жатқызылғаны жөн.

7.1.3 Ерекше топырақтарға саз балшықты топырақтар, ылғалды сортаңды топырақтарды мергельдерді және мергелді топырақтарды; батпақты топырақтар; батпақты сортаңдар және сортаңды батпақтар, қара топырақ, бархан құмдары, техногенді топырақтар (өндіріс қалдықтарын) жатқызу қажет.

7.1.4 Әлсіз топырақтар құрамына табиғи жатысы 0,075 МПа кем (айналмалы кесу аспабымен сынақ жүргізгенде) жағдайында ығысып шөгуге берік немесе шөгу модулі 0,25 МПа жүктемеде 50 мм/м асатын (созылу модулі 5,0 МПа төмен) байланыстырушы топырақтар жатады. Аталған сынақтар болмаған кезде әлсіз топырақтарға бұзылған шымды топырақтар, ұйықтар, сапропельдер, аққыштық коэффициенті 0,5-тен жоғары сазды топырақтар, ылғалды сортаң топырақтар жатады. - *(Өзг. ред.- ҚТКжШПК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)*

7.1.5. Қашыртқылаушы топырақтарға МЕМСТ 22733 бойынша сүзгілеу коэффициенті тәулігіне кем дегенде 0,5 м стандартты нығыздалғанда ең көп тығыздығы болатын топырақтар жатады.

7.1.6 МЕМСТ 25100 бойынша біртекті еместік дәрежесі кем дегенде 3 құмдар, сондай-ақ қоспасы бойынша кем дегенде 90% өлшемі 0,10 – 0,25 мм бөлшектерімен ұсақ құмдар біртектілерге жатады.

7.2 Жер төсемінің жоғарғы бөлігі (жұмыс қабаты)

7.2.1 Үйменің жұмыс белгісі жерасты суларының, қалқыма судың немесе ұзақ (30 тәуліктен астам) тұрған жерүсті суларының есептік деңгейі, сондай-ақ судың жердің үстіңгі беттен ағуы қамтамасыз етілмеген учаскедегі жер бетінің немесе 23-кестеде келтірілгеннен кем емес қысқа мерзімді (30 тәуліктен аз) тұратын үстіңгі

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013*

бетің сулары деңгейінің үстіндегі жабынның көтерілуін қамтамасыз етеді. - (Өзг. ред.- ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

7.2.2 Үйме алқаптары жабынның көтерілуі есепік сызбасын ескере отырып, анықтау қажет, бермалары мен үйінделер еңісінің құламасы 1:1,5 ке тең болса.

7.2.3 Жұмыс қабаты топырағының түрлі болып келуіне орай жұмыс белгісін үйменің үстіңгі беттің сулары деңгейінің үстіндегі жабынның көтерілуінің үлкен кестелік мәнін қолдану қажет.

7.2.4 III жол климаттық аймақта иірімді және әлсіз иірімді топырықтардан тұруы тиіс, жұмыс қабаты цементтібетонды жабыннан 1,0 м кем емес және асфальттыбетонды жабыннан 0,8 м кем емес (А Қосымшасының А.7 және А.8 Кестелерінде). 2/3 тереңдік шамасындағы топырақтың мұзға айналуының IV және V санаттағы иірімділік аумағы сынақ нәтижесі арқылы анықталады. III аймақтағы жолдарды жобалауда 1,5 м қарастырылатын мұзға айналу тереңдігі А Қосымшасындағы А. 9 Кестесіне сай анықталады.

IV және V жол климаттық аумақтар жағдайында жұмыс қабаты жабын үстінің ең аз көтерілу және қатты нығыздалатын топырақтардан тұруы тиіс (А Қосымшасындағы А.4 және А. 10 Кестелерінде) цементтібетонды және асфальттыбетонды жабындардың үстінен тереңдігі 1,0 және 0,8 м кем емес. Барлық сазды топырақтар иірімді топырақтарға жатады және жұмыс қабатында еш тежеусіз қолданылуына болады (күз мезгілінде жер үсті суларын бұрып жіберу шараларын қолға алған жағдайда, жұмыс қабаты жер асты сулардың деңгейінен алыстатылған жағдайда, ылғалдың капиллярлық жоғарлауының биіктігінен асатын)

7.2.5 Жұмыс қабаты топырағының тығыздалу деңгейі, тығыздалу коэффициентінің шамасымен анықталатын 24-кесте талаптарына сәйкес келуі керек. - (Өзг. ред.- ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

7.2.6 Арнайы техникалық экономикалық есептеулердің нәтижесіне сәйкес жұмыс қабатының үстіңгі бөлігінің жер төсемінің биігірек тығыздалу коэффициенті рұқсат етіледі, топырақтардың тығыздылығы мен ылғалдылығының бірқалыпты сақталу талабына сай келетін болса.

7.2.7 Арнайы техникалық экономикалық дәлелдеменің бар болуы және байланыстырушы көтерілетін жұмыс қабаты топырағын ылғаланудан сақтаған жағдайда жұмыс қабаты тығыздылығы артуы мүмкін.

7.2.8 Қалыңдығы 0,2-0,3 м жұмыс қабатының үстіңгі бөлігінің тығыздану деңгейінің ұлғаюын алдынала қарастыру қажет, тығыздану коэффициенті 1-1,05 I санаттағы жолдарда барлық жол климаттық аумақтарда, басқа санаттағы жолдарда-V аумағында.

23-кесте - Ылғалдану көздері үстіндегі жабынның ең аз көтерілу беттігі

(Өзг. ред.- ҚТКЖШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

Жұмыс қабатының топырағы	Жабын үстінің ең аз көтерілуі, м, жол-климаттық аймақтар шегінде		
	III	IV	V
Ұсақ құм, құмды құмайт	$\frac{0,9}{0,7}$	$\frac{0,75}{0,55}$	$\frac{0,5}{0,3}$
Тозаңды құм	$\frac{1,2}{1,0}$	$\frac{1,1}{0,8}$	$\frac{0,8}{0,5}$
Жеңіл құмды саздақ, ауыр құмды саздақ, жеңіл құмды саз балшық, жеңіл тозаңды саз балшық	$\frac{1,8}{1,4}$	$\frac{1,5}{1,1}$	$\frac{1,1}{0,8}$
Тозаңды құмайт, жеңіл тозаңды саз балшық, ауыр тозаңды саздақ, ауыр саз балшық	$\frac{2,1}{1,5}$	$\frac{1,8}{1,3}$	$\frac{1,2}{0,8}$
<p>ЕСКЕРТУ 1 Сызық үстінен – жер асты сулары деңгейінен үстіңгі беттің көтерілуі, су үсті немесе ұзақ мерзімді (30 тәу.аса) тұратын жер үсті сулары, сызық астынан – сол сияқты, жердің үстіңгі қабатында үстіңгі арнаның жеткіліксіз болуы немесе қысқа мерзімді (30 тәу. кем) тұратын жер үсті сулары.</p> <p>ЕСКЕРТУ 2 Жер асты сулардың есептік деңгейі ретінде (мұздануға дейінгі) жол төселімдерінің беріктілігі бұрынғы қалпына келу мезгілдері максималды күзгі (күрделі жөндеулер). Жиі созылмалы жылуықтар кездесетін аймақтарда есептік деңгейі ретінде максималды көктемгі. Мұздану деңгейі жер қабатының қалыңдығынан кем болатын аудандарда есептік деңгейі ретінде жер асты сулардың максималды өз маусымдық деңгейінен асуын айтады. Аталған мәліметтер орын алмаса, топырақтардың жоғары сызығымен анықталатын деңгейді айтады.</p> <p>ЕСКЕРТУ 3 Жер асты суларының үстіңгі жабынның көтерілуін немесе әлсіз және ортатұзды топырақтардағы жер үсті суларының көтерілуін 20 % (саздақ және саз үшін 30%), асатұзды топырақтарда – 40-60%.</p> <p>ЕСКЕРТУ 4 Жасанды суармалы аудандарда жер асты суларының қысқы-көктемгі үстіңгі жабынның көтерілуінің деңгейін IV –V аймақтарда 0,4 м ге, III аймақта 0,2 м ге асыру қажет.</p>			

7.2.9 Ірі жарықшақ табиғи және техногендік топырақтардың нығыздану дәрежесі сынамалы нығыздау нәтижелеріне қарай анықталады.

7.2.10 Арнайы техникалық экономикалық дәлелдеме тарапынан жұмыс қабатының жоғарғы бөлігін бейорганикалық тұтқыр (цементпен, әктаспен, өндіріс қалдықтарының негізінде тұтқыр және т.б.), сонымен қатар топырақты тұрақтандырғыштармен өндеуге абзал.

7.2.11 7.2.1-7.2.5, 7.2.9 және 7.2.10-тармақтардың талаптарын сақтаған жағдайда жол төсемінің үлгілік конструкцияларын суыққа төзімді қабатсыз және есептеу кезінде жол төсемінің есептік ылғалдануының кестелік мәндерін қолдануға рұқсат етіледі (А қосымшаның А.13-кестесі және жұмыс қабатындағы

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013*

топырақтардың механикалық қасиеттерінің көрсеткіштерін, есептік ылғалдану схемасын ескергенде). - (Өзг. ред.- ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

Жобада көрсетілген тараулардың талаптарын орындауға мүмкіндіктің жоқ болуы немесе ондай мақсат қоймаған жағдайда жұмыс қабатының беріктілігі немесе жол төселімдерін нығайту мақсатында арнайы шараларды қолданылу қажет;

- суыққа төзімді қабатты орналастыру;
- жер төсемінің су жылу режимін гидроизоляциялау, жылуизоляциялау, дренаждау немесе капиллярөткізбеу қабаттары арқылы басқару;
- жұмыс қабаты топырағын тұтқыр және минералдық қоспалар (гранометрикалық), геосинтетикалық материалдар т.б. арқылы бекіту және жақсарту;
- дренаж арқылы жер асты сулардың деңгейін азайту;
- арнайы қима енді жер төсемін құру;
- технологиялық үзіліспен немесе екі сатылы жол төселімдерін салу.

Аталған шаралар техникалық экономикалық есептеулердің нәтижесінде қарастырылады

7.2.12 Жұмыс қабаты топырықтарының есептемелік сипаттамаларын А Қосымшасындағы А.12 Кестесінде қарастырылатын ылғандыру есептік сызбасына сай анықтау қажет.

24-кесте - Жер төсемі топырағының тығыздалуының ең аз коэффициенті

(Өзг. ред.- ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

Жер төсемінің элементтері	Жабу бетінен қабаттың орналасу тереңдігі, м	Жердің қатты қабығының жолдық киім тұрпатындағы ең кіші коэффициенті			
		Капиталды		Оңайлатылған және өтпелі	
		Жолдың ауа райын ахуалына байланысты аймақтары			
		III	IV, V	III	IV, V
Үйімдердің жұмыс қабаты	1,5- дейін	1,0-0,98	0,98-0,95	0,98-0,95	0,95
Үйінділердің суға батпайтын бөлігі	1,5- тен 6- ға 6-дан аса	0,95 0,98	0,95 0,95	0,95 0,95	0,90 0,90

Суға бататын бөлігі	1,5 тен 6- ға 6-дан аса	0,98-0,95 0,98	0,95 0,98	0,95 0,95	0,95 0,95
Жұмыс қабатының ойпаңы мерзімді мұздаудан төмен	1,2- ге дейін 0,8- ге дейін	0,95 -	- 0,95-0,92	0,95-0,92 -	- 0,90

ЕСКЕРТУ 1. Жердің қатты қабығының коэффициенті цементті- бетон жабулармен және жердің қатты қабығының цементті негіздеріне көп көңіл бөлінуі керек, сонымен қатар жолдық киімдер жеңілдетілген түрінде де, басқа барлық жағдайларда аз көңіл бөлінуіне болады.

ЕСКЕРТУ 2. Суармалы егіншілік аудандары жол төсемесінің қосымша суаруында үшінші жолдың ауа райын ахуалына байланысты аймақтарыға жатқызса болады.

7.3 Үйінділер

7.3.1 Үйінділер тұрғызу үшін, ауа райы-климаттық факторлар әсеріне қарамастан,

өзінің физикалық-механикалық сипатының салыстырмалы тұрақтылығын сақтайтын топырақ пен өнеркәсіп қалдықтарын ешқандай шектеулерсіз қолдануға рұқсат беріледі.

Уақыт ағымы бойынша өзгертін топырақтар, сонымен қатар, өнеркәсіп өндірісінің қалдықтары, негізгі төзімділік көрсеткіштері, осы факторлар мен жүктемелердің әсерінен, соның ішінде ерекше топырақтарды тек қажетті жағдайларда ғана, шектеумен қолдануға рұқсат беріледі.

Ірі кесекті топырақтан үйінді салып алғанда, қалыңдығы 0,5 м-ден аспайтын топырақтан мөлшері 0,2 м-ден аспайтын кесек түзеткіш қабатты жол төсенішінің астындағы құрылғыны қарастыру керек.

7.3.2 Көпірлермен тоқайласу орындарында үйінділерді төбесі көпір тірегінен санағанда ұзындығы биіктігінен кем емес + 2 м, астынан 2 м-ден кем емес дренаждалған иірімсіз топырақтардан жобалау керек.

7.3.3 Үйінділер мықты және әлсіз болып бөлінетін, топырақ негізінің қасиетін

ескере отырып жобаланады.

Әлсіздерге белсенді зона шегіндегі негізінің қалыңдығы үйінді астының еніне тең болатын негіздер жатады. Қуаттылығы 0,5 м (п. 6.1.3) кем емес әлсіз топырақтар қабаттары бар.

Егер әлсіз топырақ қабаттары үйінді астының енінен асып кететін тереңде орналасып, сонымен қатар, сондай-ақ, биіктігі 12 м-ден асса, белсенді зона шекарасын есеппен орналастыру керек.

7.3.4 Үйінділер енінің тіктік құламасын мықты негізде 25-кестемен сәйкес белгілейді.

Үйінділер еңісінің тіктік құламасы апатты жағдайларда көліктердің жер төсемінен аударылусыз төмен түсу мүмкіндігін I - III категориядағы жолдарда 3 м дейінгі үйінділерде 1:4 көп емес, ал үйінді биіктігі 2 м дейінгі басқа категориядағы жолдарда 1:3 көп емес қамтамасыз етуі керек. Техникалық экономикалық есептер нәтижесінде үйінділер еңісінің құламаларын әр түрлі санаттағы жолдарға белгілі бір көрсеткішке дейін үлкейтуге рұқсат беріледі, 25-кестеде көрсетілген, талап бойынша бөгеу түріндегі қоршаулар қою арқылы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды өңдеу жағдайы кестеде келтірілген. - (Өзг. ред.- ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

7.3.5 7.3.4-тармағында көрсетілген үйінді еңісінің тіктік құламасын оларды шөп егу арқылы және тартпалармен күшейтуді қарастырады. Күшейтудің басқа әдістерін қолдануда (мысалы геосинтетикалық материалдармен) тіктік еңіс құламалары техникалық-экономикалық негіздемеге сәйкес, олардың тұрақтылық нәтижесі есебінен белгіленеді. - (Өзг. ред.- ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013*

7.3.6 Өлсіз негіздерде, сондай-ақ су басатын учаскелерде және ылғалдылығы жоғары сазды топырақ үйінділерін төгу үшін пайдалану кезінде жер төсемі құламаларының құламаларының орнықтылығын есептеу негізінде, соның ішінде Үлгілік көлденең профильдерді қолданған жағдайда тағайындалады.

25-кесте - Үйінділер еңісінің ең үлкен тіктік құламасы
(Өзг. ред.- ҚТКжШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

Топырақ үйінділері	Еңістердің ең үлкен құламасы, үйінді еңісінің биіктігінде, м		
	6 дейін	12 дейін	
		Төменгі бөлігінде (0-6)	Жоғарғы бөлігінде (6-12)
Өлсіз желденетін жыныстардан тұратын үйінділер	1:1 - 1:1,3	1:1,3 - 1:1,5	1:1,3 - 1:1,5
Ірі кесекті және құмды (ұсақ және шаңды құмдардан тыс)	1:1,5	1:1,5	1:1,5

25-кесте - Үйінділер еңісінің ең үлкен тіктік құламасы (жалғасы)
(Өзг. ред.- ҚТКжШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

Топырақ үйінділері	Еңістердің ең үлкен құламасы, үйінді еңісінің биіктігінде, м		
	6 дейін	12 дейін	
		Төменгі бөлігінде (0-6)	Жоғарғы бөлігінде (6-12)

Ұсақ құмды және шаңды, сазды және сарғыш топырақты	1:1,5 1:1,75	1:1,75 1:2	1:1,5 1:1,75
<p>ЕСКЕРТУ 1. Сызық астында III жол-климаттық зонадағы шаңды топырақ түріне және бірөлшемді ұсақ құмдарға арналған мән берілген.</p> <p>ЕСКЕРТУ 2. Үйінді еңісінің биіктігі жер төсенішінің жиегінің және көлденең енінің еңіс астының ең үлкен айырымымен анықталады.</p> <p>ЕСКЕРТУ 3. Климаты құрғақ аудандарда ұсақ бархан құмды үйінді еңісінің құламасын 1:2 тең қылып белгілеу керек.</p>			

7.3.7 Топырақ қорын жобалауда, зерттеу жұмыстарын жүргізуде орналастыратын салыстырмалы тығыздық коэффициентін енгізу арқылы, табиғи күйдегі топырақ тығыздығындағы және үйіндідегі айырманы есептеу керек.

Техникалық-экономикалық негіздеу сатысында салыстырмалы тығыздық коэффициентінің тұспалды мәндерін кесте А.15, қосымша А бойынша қабылдау қажет.

7.3.8 Үйінді негізінде әлсіз топырақтарды қолдану арқылы жабдықталатын, жер жамылғысы жобасында әрекеттегі стандартты талаптардан тыс, қосымша талаптар орындалуы мүмкін:

- Негіз тұрақтылығы қамтамасыз етілген, яғни, қолдану уақытында үйінді астынан қалған әлсіз топырақты шығару мүмкіндігі жоқ;

- Үйінді тұрақтылығы қамтылған, яғни, жауынның қарқынды бөлігі қорғаныс қабатының құрылғысы мен автомобиль жолының жол төсеніші құрылғысына дейін аяқталуы керек;

- Құрылыс мықтылығын қамтамасыз ету «Жер төсеніші+жол төсеніші», яғни, жер төсенішінің серпінді ауытқуы берілген автомобиль жолының жол төсенішіне мүмкін мөлшерлерден аспауы тиіс;

Әлсіз топырақтарды үйінді негізінде қолдану:

- I және II түрдегі шалшықтанған жерлердегі IV-V категориялы өтпелі немесе төмен жол төсенішті автомобиль жолдарында;

- іс-шараларды жобалау жағдайында, жол төсеніштері құрылғылары бойынша жұмыстар бастамасына қарай I және II түрдегі шалшықтанған жерлердегі II және III категориялы жол төсенішті автомобиль жолдарында.

ЕСКЕРТУ - 1) Үйінді қалдығының қарқынды бөлігін негізі консолидациясы 90%-ға жеткен жағдайда немесе капиталды типтегі жол төсеніштері үшін 2,0 см/жыл. аспайтын жауын қарқындылығы мен негіз консолидациясы 80% немесе жеңіл типтегі жол төсеніштері үшін 5,0 см/жыл. және сәйкесінше өтпелі және төмен жол төсеніштері үшін – 70% бен жауын қарқындылығы – 8-10 см/жыл. болған жағдайда аяқталған деп саналады.

2) Жауынның болжамды қарқындылығы осы аймақтағы жолдарды пайдалану тәжірибесі есебінен рұқсат етіледі.

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013*

7.3.9 Ұйғарымды ылғалдықтан мөлшерінен (кесте А.12 қосымша А), асатын топырақты үйінділерді жобалауда, жер төсенішінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін іс-шараларды қарастыру қажет. Мұндай іс-шаралар қатарына:

- Топырақтың табиғи жолмен, сонымен қатар, өшірілмеген әк, цемент сияқты белсенді заттардың әсерімен құрғатуы;

- Үйіндінің төменгі бөлігіндегі (түйіршікті немесе синтетикалық материалдан тұратын көлденең дренаждар) жоғары ылғалды топырақтар консолидациясын жылдамдату және олардың сырғуымен байланысты (еңістердің сырғуы және оларды шайылудан сақтау, түйіршікті немесе синтетикалық материалдардан тұратын көлденең қабаттардың құрылғысы) үйінділер деформациясының алдын алу. Мұндай үйінділерде капиталды және жеңіл түрдегі жол төсенішінің жамылғысының құрылғысы жер төсенішінің топырақ консолидациясы аяқталғаннан кейін қарастырылады.

0,9 тиімді топырақ ылғалдығында арнайы іс-шаралар жобалауда олардың тығыздығына байланысты қарастырылады (жібітуге дейін, жіңішке қатпар тығыздығы мен т.б.).

7.3.10 12 м биіктіктегі құламаларды жобалау кезінде үйінділердің нық болуы белгілі бір мақсатта және олардың құламаларын есеппен қарастыру керек:

- үйме тұнбасы төсеуге дейінгі өзінің таза салмағын және уақытқа сай оның ағуына байланысты;

- көлденең капитал кескінінің құлама үйінділерінің нықтығына қарасты;

- негізіне қауіпсіздік қысым болмауы үшін топырақтың бүйірлеріне салынбау (әлсіз негіздерде);

- құламадағанегіз ретінде үйме жасаудағы көлемі мен ағуы оның үйменің таза салмағына байланысты.

7.3.11 Ашық мекен-жерлердегі жолдардағы үйме биіктігін боранды кездерде қарларды үйіп әкелген уақытымен төмендегі формула арқылы есептеледі:

$$H = h_s + \Delta h, \quad (1)$$

H – белгісі, төгілмеген үйіндінің биіктігі м;

h_s – үйінді төгілетін жердегі қар жамылғысының есептелген биіктігі, 5 %, м артық болуы мүмкін. Көрсетілген жәйттар болмаған жағдайда қарапайым белгі h_s метрологиялық анықтамаларды қолдануға болады;

Δh – қар жамылғылары деңгейін есептеу үйінді үю кезінде қарға қатысты емес, м.

ЕСКЕРТУ Егер қар жамылғылары үйінді үю кезінде есептегеннен артық болса, Δh орнына Δh_{sc} көрсетіледі (төменде келтірілген (2) формуласынан табылады).

Қар жамылғыларының деңгейінен үйінді артық болған жағдайда (Δh) міндетті түрде тағайындау қажет, м, ден аз емес:

1,2 – I санаттағы жолдар үшін;

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013*

0,7 – II санаттағы жолдар үшін;

0,6 – III санаттағы жолдар үшін;

0,5 – IV санаттағы жолдар үшін;

0,4 – V санаттағы жолдар үшін.

7.3.12 Қар жамылғыларының биіктігі 1 м ден асатын аудандарда міндетті түрде қар жамылғыларындағы жиектердің жеткіліктігін тексеру қажет, қарларды орналастыруда еш кедергілер болмаған жағдайда, жолдарды қарлардан тазалаған кезде қолданылатын формула

$$\Delta h_{sc} = 0.375 h_s \frac{b}{a}, \quad (2)$$

Δh_{sc} – белгісі, қар тазалаудағы қар жамылғыларының үйінді үюде артықтық танытуы, м;

b – жер тығыздығының ені, м;

a – қар тазалаушылардың қарды жолдан лақтырудағы аралығы, м (үнемі қысқы уақытта қарды тазалауды қажет ететін жолдар $a = 8$ м қолдануды қажет етеді).

7.4 Ойықтар

7.4.1 Жекеленген жобалау объектілеріне қатысты емес тіктік беткей ойықтарын 26-кестеге сәйкестендіре тағайындау қажет. – (Өзг. ред.- ҚТКЖШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

7.4.2 1м-ге дейінгі ойықтар қар күртіктерінен сақтану мақсатында жолдарды қысқы

мезгіл кезінде пайдалану кезіне қарамастан сыртқы тік ойықтар 1:5 тен 1:10-ға дейін жобалауға болады немесе үйінділермен көмкеруге болады. 1 м-ден 5 м тереңдікке дейінгі ойықтардың қалың жерлерді 1:1,5-1:2 еңіске дейін жол төселімдерінің жиегіне дейінгі деңгей көлемінде жобалауға болады алайда 4м-ден кем болмауы қажет.

7.4.3 2м тереңдіктегі жібітілген сазды топырақтардағы ұсақ және шанды құмды ойықтар, жеңіл желдетілетін немесе жартасты айырық тектес түрде, шанды түрде болған жағдайда қыртыс ете жобалау қажет. Қыртыс енін ұсақ және шанды құмдарда 1 м көлемінде қолданылса, өзге көрсетілген топырақтар еңіс биіктігі 6 м дейін, 1 м ден көп емес жағдайда, еңіс биіктігі 12 м (жартас тектес болғанда - 16 м ге шейін) - 2 м болады. I - III категориялы жолдардағы жеңіл желдетілетін жартасты топырақтардан ойықтарды бекітуді жобалау кезінде ені 3 м ге дейін кювет-траншей рұқсат етіледі, ал тереңдігі 0,8 м ден аз емес.

Қыртыс беткі жағы кювет тарапына қарай 20-40 % ға төмендетіледі. Еңіс жартасты жерлерде қарастырылмайды, сондай ақ құрғақтыққа бейім жерлердегі құмдарда қолданылмайды.

7.4.4 Ойықтарды жобалауда жеке жобалаулардағы объектілер жергілікті тұрақты

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013*

шұңқырлар мен жалпы белгіленген бағаға сай орындалады, оның қамтамасыз етілуіне байланысты өңделеді, өңделуде көлденең орналастырылған қапталды, дренаж құбырғылары, қорғаныс қыртыстары, шұңқырларды нығыздаушы және т.б.

26-кесте - Ойықтағы ең үлкен тіктік құламалар
(Өзг. ред.- ҚТКжШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

Топырақтар	Құламалар биіктігі, м	Құламалардың тіктігі
Тасты:		
- әлсіз желдендірілген:	116 дейін	11:0.2
- жеңіл желдетілетін:		
- жібітілмеген	116 дейін	11,05-1:1,5
- жібітілген	66 дейін	11:1
Ірі көлемді	112 дейін	11:1-1:1,5
Құм тәрізді, біркелкі қатты топырақ тәріздес, жартылай қатты және тым қатты консистенциялар	112 дейін	11:1,5
Топырақтар	Құламалар биіктігі, м	Құламалардың тіктігі
Шағылды ұсақ құмдар	2 жоғары 2 ден 12 дейін	11:4 11:2
ЕСКЕРТУ 1. Құрғақ зоналардағы құламаларда құламалық сызықтар үстіне, ал сызық құрғақ емес зоналарда төмен көрсетіледі. ЕСКЕРТУ 2. Әлсіз үгілетін жартасты топырақтар тікелей құламалға жасалады. ЕСКЕРТУ 3. 12 м биіктікке дейінгі құмды жерлерде белгіленіп көрсетілген үлкен емес құламашықтар 1:2 теңестіруімен қолдауға болады. ЕСКЕРТУ 4. Шұңқырлардағы құлама биіктігін жоғарғы бөлік арқылы түрлі белгілермен және құлама етегі алынады.		

7.5 Күрделі жағдайлардағы жер төсемдері

7.5.1 Беткейдегі жол төсемінің құрылымы, ереже бойынша, беткейдің тұрақты

табиғи жағдайына қарай есептелген және салынған соң дәлелдену керек.

Таудың берік бөктерлерінде 1: 3 –тен аса құлдылық жол төсемдері ереже бойынша беткейдің жолында орналастыру керек.

Беткейлердің тіктігі 1 :10 – 1:5 болғанда жол төсемдерін ережеге сай, үйінді түрінде құрылғысыз негізде жобалау керек.

Беткейлердің тіктігі 1: 5 – тен 1:3 –ке дейін болғанда жол төсемі үйінді, жартылай үйінді және жартылай ойпаң түрінде тақталап орналастырылу керек.

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013*

Үйінді немесе жартылай үйінді немесе жартылай ойпаң негізінде ені 3-4 метр және ұзындығы 1 метрге дейін шегініс болу керек.

Қажетті жағдайларда жол төсемінің және олар орналасқан тау беткейінің беріктілігін қамтамасыз ететін кешенді шаралар қарастырылады (дренаждық құрылғылар, үст су өткелі, құрылымдарды ұстап тұратын құрылғылар тау беті тіктігінің орналасуы және т.б.)

7.5.2 Бос негіздегі үйінділер оның негізінденгі бос үйіндіні жердің қатты қабығында сақтаумен немесе ауыстырмен жобаланады. Шешім үйінділердің физика механикалық қасиеттерін назарға ала отырып қабылдану керек.

7.5.3 Үйіндіні аыстыру бүкіл тереңдікте немесе бөлшектелініп жасалуы мүмкін.Бос үйіндіні қарапайым ережелерге сай үйінділермен алмастырады.

Бос үйіндінің үстіне салынатын жол шөгудің тамамданғанынан кейін орындалу керек. Сонымен қатар бос үйіндіні қолданудың арнайы шараларына мыналар жатады:

- еңістің орналасуы;
- уақытша қайта енгізуді жасау;
- Үйіндіні қазып алу режимін өзгерту;
- бүйіріндегі призма құрылғысы, вертикальды дренаж,вертикальдық кескіндер, свай дрен, свайндық негіз;
- Бос негіздің жүктелуін азайту үшін оның орнына аз салмақты жеңіл өнеркәсіптік қалдықты бірнеше қабатта қолдануға болады.

7.5.4 Ойықты жобалауда ерекше жердің қатты қабығын сақтап қалуын қамтамасыз ету керек. Ауыстырылатын қабаттың ені есеп бойынша анықталады.

Ерекше жердің қатты қабығын қолданбастан бұрын оларды алдын ала бөлшектеп кептіру немес арнайы заттарды қолдана отырып, табиғи жолмен жөңделу керек. Жол төсемін жасау жұмыстарында ерекше жол төсемдерін қолданғанда оларды өзгерістен алдын алу үшін технологиялық шаралар жасау қарастырылады. (рационалдық орналастыру , жол төсемдерін орналастыру және көлемін азайту, берік қорғаныс жол төсемін жасау және т.б.)

7.5.5 Сор басқан топырақтардың таралу аудандарында жер төсемі А қосымшасының А. 14 кестесіне сәйкес анықталатын сорлану түрі мен дәрежесін ескере отырып жобаланады.

Әлсіз және орташа сорланған топырақтарды үйінділердің типтік конструкцияларында қолдануға рұқсат етіледі, сонымен қатар жұмыс қабатына да, 23-кестеде көрсетілген тұзданбаған топыраққа арналған норма талаптарын сақтай отырып, осы тармақтың 3-ескертпесінде көрсетілген, ал жеке үйінділер құрылғыларын жобалауда – есептеу негізінде. - (Өзг. ред.- ҚТКжШІК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

Қатты сорланған жер бедерін үйінділерде қолдануға рұқсат берілдеі, сонымен қатар 1-ші типтік жерлердегі суландыру шарттарына байланысты жұмыс қабатын көп сорланудан сақтау керек.

Егер де сорланған жер бедерін қолданатын болсаңыз, алдын ала арнайы негізделген есептерге сүйене отырып, олардың жағымсыз қасиеттерін жоққа шығару керек.

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013*

Ылғалды дымқыл сор жерлерге жабын төсеу әлсіз негізді үйінділерге арналған талаптарды сақтай отырып жобаланады (7.3.8-тармақ). - (Өзг. ред.- ҚТКжШК 25.02.2019 ж. №28-НҚ бұйрығы)

7.5.6 Көлік көп жүретін жолдарда көлік тайғанамас үшін көшетін құмдарға арнайы көлденең жол жасау керек. Жобаның ішінде міндетті түрде аймақтың рельефін ескере отырып, 50 – 150 метрден кең емес, таю мен көшкін құмдарға қарсы қарастыратын пункт болу керек.

Жол төсемін салу кезінде шөп басқан немесе аздап шөп өскен жерлерде әдетте 0,5 - 0,6 м, ал тереңдігі 0,2 метр резерв болатын жобаларды қарастыру керек. Жота мен шағылдарды төмендету барысында ескерілетін жағдайлар:

- жол төсемінің ені әр тарапынан 15-40 метр болу керек;
- қозғалғыш рельефтік формаларды 200 м енінде бекіту;
- 1 метрден жоғары үйінділер құмды ойықтарды немесе карьерлерді жолдан 50 метр қашықтықта қолдана отырып, жобалау;
- 2 метрге дейінгі тереңдіктегі ойықтарды 1:10 нан артық емес еңіс жерлерде жоспарлау керек; Үйінділерге су жіберетін құрылғының қажеті болса оның бөлігі 1:4 көп болмау керек;

- 2 метрден тереңірек үйінділерді бөлшектеп, жобалайды;. Сонымен қатар жол төсемінің жиегі 0,3 - 0,4 м, ал жол төсеміндегі жер бөктерінің арақашықтығы 10 – 20 метрден аз болмау керек.

Жартылай немесе аз шөп басқан жерлерде өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің максималды түрде сақталуын қамтамасыз ету керек. Сондықтан да осы мақсатқа орай үйінділерді резервке алып, төменгі биіктікте жобалайды. Үйінділер минималды 1:2 ендікпен жобаланады. Үйіндіден жер бедерін қажетті жағдайда кеңейтуге рұқсат берілген.

Технологиялық транспорттың жол жүруін қамтамасыз ету үшін қалыңдығы 0,15 - 0,2 метр сазды немесе құмды қорғаныс қабатын байланыстырушы немесе Р РК 218-78-2009 заңына сәйкес геотекстильді қабаттан жол жасау керек.

7.5.7 Суландыратын жердегі жолдың төсемі оның судың жылулық режиміне әсер етуіне байланысты үйінді түрінде дренажды қоршаулар жасалады.

Каналдың су жинайтын қоршауы мен жиегінің арасында кемінде 4,5 метр арақашықтық болу керек. Кюветтердің көлік жолдарында су айдағыш ретінде қолданылуы рұқсат етілмейді.

Жол бедерінің суларын көптеген жылғы жоғарғы дәрежедегі агрометеорологиялық бақылауларға байланысты, ал жаңа игеріліп отырған жерлерді су шаруашылығының перспективалары арқылы есепке алады.

7.5.8 Ерекше жағдайларда V категориядағы жолдарға периодты су ағымдарын фильтрден өткізетін грунтты қоюға рұқсат етіледі.

Фильтрлік үйінділер кішігірім көпірлер мен су өткізгіш трубаларды негізге ала отырып, мүмкіншілігі мен қолданысы анықталады.

Фильтрлік үйінділердің төменгі жағы тау үйінділерінің 0,25-0,40 мм ден түзіледі, ал жоғарғы жағы қарапайым жағдайда қолданылатын топырақтардан түзіледі. Төменгі

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013*

жағының биіктігі судың ағысына және жоба бойынша қысымды немесе қысымсыз болып қабылданатын су өткізгіш құрылғының жұмысына байланысты.

Фильтрдан өткізетін үйіндінің төменгі және үстіңгі қабаттарының арасында геосинтетикалық материалдан жасалынған қабат болады. Осындай геосинтетикалық материалдардан жасалынатын қорғаныс құрылғылары судың ағып кету жылдамдығын жоғарылатады. Осыған қосымша әсер ретінде фильтрацияны құмнан да жақсы өткізетін ГТ ға байланысты.

Құмнан жасалған қорғаныс қабаттарын жөндеу немесе қайта жөндеу кезінде қосымша қабаттың арасында жол төсемінің ені бойынша құмнан немесе грунттан жасайды. Ара қабаттарды жасау үшін ереже бойынша әр түрлі маркалы геотекстиль және геокомпозит қолданылады.

Үйіндінің төменгі жағы мен түбінен таспен немесе бетонды плиталармен бекітіледі.

7.5.9 Сел қаупі бар аудандарда, сонымен қатар тасқан, көшкін болатын аудандарда арнайы нормативті документтерді негізге ала отырып жобалау керек.

7.5.10 Техничко экономикалық негіздерге сүйеніп жасалған, фильтрдан өткізетін, бөлетін, дренаж жасайтын әр жол төсемінің құрылымы геосинтетикалық материалдардың қабаттарын негізге ала отырып жасалынады.

Қабаттар былайша қарастырылады:

- бос топырақтардың үйінділері негізінде;
